МАТЕМАТИКА 11

АЛГЕБРА ЖӘНЕ АНАЛИЗ НЕГІЗДЕРІ
ГЕОМЕТРИЯ
I БӨЛІМ

Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық

Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі бекіткен

1-басылым

ТАШКЕНТ
2018

UO‘K: 51(075.32)
KBK: 22.1ya72
M 56

Алгебра және анализ негіздері бөлімінің авторлары:

М.А. Мирзахмедов, Ш.Н. Исмаилов, А.Қ. Аманов

Геометрия бөлімінің авторы:

Б.Қ. Хайдаров

Пікір жазғандар:

Р.Б. Бешимов – Мырза Ұлықбек атындағы Өзбекстан Ұлттық Университеті “Геометрия және топология” кафедрасының меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының докторы;

Қ.С. Жуманиязов – Низами атындағы ТМПУ-дің Физика-математика факультеті “Математиканы оқыту методикасы” кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты;

Р.О. Розимов – Сіргелі ауданына қарасты 237- жалпы білім беретін мектептің математика пәні оқытушысы;

С.Б. Жуманиязова – РБО методисті;

С.Р. Сумбердиева – Сіргелі ауданына қарасты 6-мамандандырылған мектептің математика пәні оқытушысы.

Оқулықтың “Алгебра және анализ негіздері” бөлімінде істетілген белгілер және олардың мағынасы:

△ – мысалды шешу (дәлелдеу) басталды

▲ – мысалды шешу (дәлелдеу) аяқталды

! – бақылау жұмыстары және тест (сынақ) жаттығулары

? – сұрақтар мен тапсырмалар

– негізгі мәлімет

* – күрделірек жаттығулар

ISBN: 978-9943-5127-9-5

Алгебра және анализ негіздері

І ТАРАУ. ТУЫНДЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

1–2 ӨЗГЕРУШІ МӨЛШЕРЛЕР ӨСУІНІҢ ҚАТЫНАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҒЫНАСЫ. ЖАНАМАҒА СИПАТТАМА. ФУНКЦИЯ АРТТЫРУШЫСЫ

Өзгеруші мөлшерлер өсуінің қатынасы

Түрлі өлшеу бірліктеріне ие болған екі өзгергіш мөлшер қатынасын есептеу адам өмірінде тез-тез кездесіп тұрады.

Мысалы, автомашинаның ***тездігі*** оның жүрген жолының уақытына қарағанда км/сағ немесе м/с тарда өлшенеді, жанармайдың жұмсалуы есе км/литр немесе 100 км/литрде өлшенеді.

Дәл осылай, баскетболшының шеберлігі бір ойында жинаған ұпайлар санымен белгіленеді.

Мысал. Оқып істеп шығару комплексі (кешені) УПК 11-сынып оқушылары арасында тақырып терудің сапасы және жылдамдығы бойынша сынақ өткізді.

Кәрім 3 минутта 213 сөзді теріп, 6 емле қатеге, Наргиза болса 4 минутта 260 сөзді теріп, 7 емле қатеге жол қойғаны мәлім болды. Олардың нәтижелеріні салыстыр.

△ Әр бір оқушы үшін тиісті қатынастарды құраймыз:

Кәрім:

мәтін терудің жылдамдығы $\dfrac{213 \text{ сөз}}{3 \text{ мин}} = 71 \dfrac{\text{сөз}}{\text{мин}}$;

мәтін терудің сапасы $\dfrac{6 \text{ қате}}{213 \text{ сөз}} \approx 0{,}0282 \dfrac{\text{қате}}{\text{сөз}}$.

Наргиза:

мәтін терудің жылдамдығы $\dfrac{260 \text{ сөз}}{4 \text{ мин}} = 65 \dfrac{\text{сөз}}{\text{мин}}$;

мәтін терудің сапасы $\dfrac{7 \text{ қате}}{260 \text{ сөз}} \approx 0{,}0269 \dfrac{\text{қате}}{\text{сөз}}$.

Демек, Кәрім мәтінді Наргизаға қарағанда жылдамырақ терген болса, Наргиза жұмысты сапалырақ орындаған. ▲

Есептер

1. Пульс жиілігін тексеру үшін бармақтар ұшы артерия тамыры өтетін жерге қойылады және тамырдың ұруын сезіну үшін осы жер басылады.

Мадина пульсіні өлшегенде бір минутта 67 рет ұрғанын сезінді.

а) Пульс частотасының мағынасын түсіндір. Ол қандай шама (белгі)?

б) Әр сағатта Мадинаның жүрегі қанша рет соғады?

2. Кәрім үйінде 14 бет мәтін теріп, 8 емле қатеге жол қойды. Егер 1 бетте орташа 380 сөз болса:

а) Кәрімнің мәтін теру сапасын анықта және жоғарыдағы мысалда алынған нәтижемен салыстыр. Кәрімнің мәтін теру сапасы жақсыланды ма?

б) Кәрім 100 сөз тергенде орташа қанша қате жасайды?

3. Маруф12 сағат жұмыс істеп 148 м 20 см, ал Мұрат болса 13 сағат жұмыс істеп 157 м 95 см арық тазалады. Олардың еңбек өнімділігін салыстыр.

4. Автомашина жаңа шина протекторының тереңдігі 8 мм. 32178 км жүрілгеннен соң жемірілу нәтижесінде шина протекторының тереңдігі 2,3 мм болғаны мәлім болды.

а) 1 км қашықтық жүрілгенде шина протекторының тереңдігі қандай өзгереді?

б) 10000 км қашықтық жүрілгенде ше?

5. Мадина Қаршы қаласынан сағат 11:43 те шығып, сағат 15:49 да Гүлістан қаласына жетіп келді. Егер ол 350 км қашықтық жүрген болса, оның орташа жылдамдығы қанша $\frac{\text{км}}{\text{сағат}}$ болды?

Мысал. Цилиндр түріндегі ыдыс сумен бір қалыпты жылдамдықта толтырылып жатыр. Мұнда цилиндрлік ыдыс ішіне уақытқа пропорционал болған су көлемі, құйылып жатқандығы себепті су деңгейінің (биіктігінің) уақытқа қарағанда байланысуы сызықты функция көрінісінде болады (1-суретке қара).



1-сурет.

Бұл жағдайда ыдыстағы су деңгейінің уақытқа болған өлшемі (немесе деңгейдің *өзгеру жылдамдығы*) өзгермейтін сан болып қала береді.

Енді басқа түрдегі ыдысты қараймыз (2-сурет):



2-сурет.

2- суретте су деңгейінің өзгеру жылдамдығының уақытқа қарағанда қатынас байланысы бейнеленген.

1-сұрақ. 3-суретте су құюға арналған ыдыс бейнеленген.



3-сурет.

Алғашында онда су жоқ еді. Кейін ол "бір секундта бір литр" жылдамдықта толтырыла бастады. Су деңгейінің уақытқа қарағанда өзгеруі 4-суреттегі қай графикте тура көрссетілген?



4-сурет.

2-сұрақ. Су деңгейінің уақытқа қарағанда өзгеруі 5-суреттегі графиктерде берілген:



5-сурет.

Олар 6-суреттегі қайсы ыдыстарға сәйкес келеді?



6-сурет.

Өзгерудің орташа жылдамдығы

Екі өзгеруші мөлшердің бір-біріне байланысуы сызықты функция көрінісінде болса, бұл мөлшерлер арттырмаларына қарағанда өзгермейтін сан болады.

Екі өзгергіш мөшердің бір-біріне байланысы сызықты функция көрінісінде болмаса, біз бұл өзгеруші мөлшерлердің берілген аралықтағы орташа қатнасын таба аламыз. Егер аралық түрліше алынса, есептелген орташа салыстырмаларда да түрліше болады.

1-есеп. Материалдық нүктенің уақытқа қарағанда тік сызық бойлап әрекеті графикте бейнеленген (7- сурет). FM кесушінің бұрыш коэффицентін тап.



7-сурет.

△ Графикте t=2 секундқа сәйкес болған F нүктені және одан айрықша (мысалы, t=4 секундқа сәйкес болған) M нүктені белгілейік. $2 \le t \le 4$ уақыт арасында орташа жылдамдық $\frac{(80-20)\,m}{(4-2)\,s} = 30\frac{\text{m}}{\text{s}}$-қа тең екенін табамыз.

Көрініп тұрғандай, FM кесіндінің бұрыш коэффиценті 30-ға тең екен. ▲

Сұрақ. F нүктені қозғалмайды деп есептеп, t-ның төменде берілген мәндеріне сәйкес болған M нүктелер үшін FM кесінділерінің бұрыш коэффиценттерін есептеп, таблицаларыды толтыр;

t	бұрыш коэффиценті
0	
1,5	
1,9	
1,99	

t	бұрыш коэффиценті
3	
2,5	
2,1	
2,01	

Қандай қорытындыға келдің?

2-есеп. Популяциядағы тышқандар саны апталар өтуімен төмендегідей өзгереді (8-сурет):



8-сурет.

3- және 6- апта арасында тышқандар саны орташа қандай өзгерген? 7 апталық уақыт аралығында ше?

△ Тышқандар популяциясының өсу жылдамдығы

$\dfrac{(240\text{–}110)\text{ тышқан}}{(6\text{–}3)\text{ апта}} \approx 43\,\dfrac{\text{тышқан}}{\text{апта}}$, немесе 3- және 6- апта аралығында тышқандар саны аптасына орташа 43-ке көбейген.

Тура осылай 7 аптада $\dfrac{(315-50)\text{ тышқан}}{(7-0)\text{ апта}} \approx 38\,\dfrac{\text{тышқан}}{\text{апта}}$.

7 апта аралығында тышқандар саны аптасына орташа 38-ге көбейген. ▲

Жалпы тұрғыда: x мөлшер a-дан b-ға дейін өзгергенде $y=f(x)$ мөлшер өзгеруінің ***орташа жылдамдығы***

$$\frac{f(b)-f(a)}{b-a}$$

өсулер қатнасына тең, бұл жерде $f(b) - f(a)$ – *функция* өсуі, $b - a$ болса аргумент арттырмасы.

$h=b-a$ деп белгілесек, орташа жылдамдық $\dfrac{f(a+h)-f(a)}{h}$ көріністе болады.

$\dfrac{f(a+h)-f(a)}{h}$ бөлшек алымы $y=f(x)$ *функция* аргументі x-тың h өсуіне сәйкес келетін *өсуі* деп атау қабылданған. Бөлшектің өзі болса *айырмалы қатынас деп аталады*.

Жаттығулар

6. Нүктенің тік сызық бойлап жүрген жолы уақытқа қандай байланысқан 9-суреттегі графикте бейнеленген.



9-сурет.

Нүктенің
а) алғашқы 4 секунд;
б) соңғы 4 секунд;
с) 8 секунд ішінде орташа жылдамдығын тап.

7. Егін даласына түрлі мөлшердегі (дозадағы) дәрімен өңдеу берілгенде 1 m^2-та пайда болған зиянды жәндіктер санының өзгеруі 10-суреттегі графикте көрсетілген.



10-сурет.

а) 1) доза 0 граммнан 10 граммға дейін көбейтілсе; 2) 4 граммнан 7 граммға дейін көбейтілсе, 1 m^2-та пайда болған зиянды жәндіктер санының өзгеруін тап.

б) доза 10 граммнан 14 граммға дейін көбейтілсе, қандай жағдай болды?

2) Материалдық нүктенің тік сызық бойынша әрекет заңы $s(t)$-ның графигі суретте берілген.

а) $s(2)$, $s(3)$, $s(5)$, $s(7)$ сандары қаншаға тең?

б) Қайсы аралықта функция өсуші?

с) Қайсы аралықта функция кемеюші?

д) $s(3) - s(1)$, $s(5) - s(4)$, $s(7) - s(6)$, $s(8) - s(6)$ арттырмаларды есепте.



3–4 ЛИМИТ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

x-тың мәндері 2-ден кіші болып, 2-ге жақындағанда $f(x)=x^2$ функциясының мәндерінің кестесін қарайық:

x	1	1,9	1,99	1,999	1,9999
$f(x)$	1	3,61	3,9601	≈ 3,996 00	≈ 3,999 60

Кестеден дәл көрініп тұрғандай, x-тың мәндері 2-ге қанша жақын болса $f(x)$ функцияның мәндері 4 санына жақындай береді.

Мұндай жағдайда x аргумент (өзгеруші) 2-ге *солдан жақындағанда* $f(x)$-тың мәндері 4 санына жақындайды дейміз.

Енді x тың мәндері 2-ден үлкен болып, 2-ге жақындасқанда $f(x)=x^2$ функциясының мәндер кестесін қарайық:

x	1	1,9	1,99	1,999	1,9999
$f(x)$	1	3,61	3,9601	≈ 3,996 00	≈ 3,999 60

Мұндай жағдайда x аргумент 2-ге *оңнан жақындағанда* , $f(x)$ функция мәндері 4 санына жақындайды дейміз.

Жоғарыдағы екі жағдайды жалпылай, x аргумент 2-ге *жақындағанда,* $f(x)$-тың мәндері 4 санына жақындайды дейміз және бұны былайша жазамыз:

$$\lim_{x\to 2} x^2 = 4.$$

Бұл жазу былай оқылады: x аргумент 2-ге жақындасқанда, $f(x) = x^2$ функциясының *лимиті* 4-ке тең.

Жалпы жағдайда *функция лимиті түсінігіне* былайша қаралады:

$x \neq a$ болып, оның мәндері a санына жақындасса, $f(x)$-тың мәндері A санына жақындассын. *Бұл жағдайда* A санды x a-ға жақындасқанда $f(x)$ функциясының *лимиті* делінеді де былай белгіленеді:

$$\lim_{x\to a} f(x) = A.$$

Кейбір жағдайларда осы x-тің мәндері a-ға *ұмтылғанда* $f(x)$ функция A-ға ұмтылады дейміз.

$\lim\limits_{x \to a} f(x) = A$ жазу орнына $x \to a$ да $f(x) \to A$ жазуы да қолданылады.

Ескерту. x тың мәні a ға *ұмтылғанда* $x \neq a$ шарты орындалуының маңыздылығын айтып өту орынды.

Мысал. $x \to 0$ болғанда $f(x) = \dfrac{5x + x^2}{x}$ функциясының лимитин тап.

△ $x \neq 0$ шарты орындалмасын, немесе $x=0$ болсын. $x=0$ мәнін $f(x)$ ке тікелей қойып көрсек, $\dfrac{0}{0}$ көріністегі *белгісіздікке* ие боламыз.

Басқа жақтан, $f(x) = \dfrac{x(5 + x)}{x}$ болғаны үшін бұл функция мынау

$$f(x) = \begin{cases} 5 + x, & \text{егер } x \neq 0 \text{ болса} \\ \text{белгісіз, егер } x = 0 \text{ болса,} \end{cases}$$

көріністі алады.

$y=f(x)$ функциясының графигі (0; 5) координаталы нүктесі "алып тасталған" $y=x + 5$ түзу сызық көрінісінде болады (11-сурет):



11-сурет.

(0; 5) координаталы нүкте $y = f(x)$ функциясының *үзілу нүктесі* дейіледі.

Көрініп тұрғандай, бұл нүктеден айырмашылығы нүктелерде x тың мәндері 0 ге жақындасқанда $f(x)$ функциясының сәйкес мәндері 5 ке жақындайды, немесе оның *лимиті* бар:

$\lim\limits_{x \to 0} \dfrac{5x + x^2}{x} = 5$. ▲

Тәжірибеде, функция лимитін табу үшін, керек болса, тиісті қарапайым жолмен орындау мақсатқа сай.

1-мысал. Лимиттерді есепте:

а) $\lim\limits_{x\to 2} x^2$; б) $\lim\limits_{x\to 0}\dfrac{x^2+3x}{x}$; с) $\lim\limits_{x\to 3}\dfrac{x^2-9}{x-3}$.

△ а) x тың мәндері 2 ге *жақындасқанда* x^2 нің мәндері 4 ке жақындайды, немесе $\lim\limits_{x\to 2} x^2=4$.

б) $x\neq 0$ болғаны үшін

$$\lim_{x\to 0}\frac{x^2+3x}{x}=\lim_{x\to 0}\frac{x(x+3)}{x}=\lim_{x\to 0}(x+3)=3\cdot$$

с) $x\neq 3$ болғаны үшін

$$\lim_{x\to 3}\frac{x^2-9}{x-3}=\lim_{x\to 3}\frac{(x+3)(x-3)}{x-3}=\lim_{x\to 3}(x+3)=6. \blacktriangle$$

Жаттығулар

Лимитті есепте (**8–11**):

8. а) $\lim\limits_{x\to 3}(x+4)$; б) $\lim\limits_{x\to -1}(5-2x)$; с) $\lim\limits_{x\to 4}(3x-1)$

д) $\lim\limits_{x\to 2}(5x^2-3x+2)$; е) $\lim\limits_{h\to 0} h^2(1-h)$; ф) $\lim\limits_{x\to 0}(x^2+5)$.

9. а) $\lim\limits_{x\to 5} 5$; б) $\lim 7$; с) $\lim\limits_{x\to 0} c$, c – өзгермейтін сан.

10. а) $\lim\limits_{x\to 1}\dfrac{x^2-3x}{x}$; б) $\lim\limits_{h\to 2}\dfrac{h^2+5h}{h}$; с) $\lim\limits_{x\to 0}\dfrac{x-1}{x+1}$; д) $\lim\limits_{x\to 0}\dfrac{x}{x}$.

11. а) $\lim\limits_{x\to 0}\dfrac{x^2-3x}{x}$; б) $\lim\limits_{x\to 0}\dfrac{x^2-5x}{x}$; с) $\lim\limits_{x\to 0}\dfrac{2x^2-x}{x}$.

д) $\lim\limits_{h\to 0}\dfrac{2h^2+6h}{h}$; е) $\lim\limits_{h\to 0}\dfrac{3h^2-4h}{h}$; ф) $\lim\limits_{h\to 0}\dfrac{h^3-8h}{h}$;

г) $\lim\limits_{x\to 1}\dfrac{x^2-x}{x-1}$; х) $\lim\limits_{x\to 2}\dfrac{x^2-2x}{x-2}$; и) $\lim\limits_{x\to 3}\dfrac{x^2-x-6}{x-3}$.

12. Төмендегі функциялардан қайсысы $x\to3$ те лимитке ие? Осы лимитті тап.



5–6

ТУЫНДЫ, ОНЫҢ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФИЗИКАЛЫҚ МАҒЫНАСЫ

12-суретте қисық сызық, кесуші және жанама бейнеленген.



12-сурет.



13-сурет.

B нүкте B_1, B_2, ... жағдайларды кейтпе-кет қабылдап, A нүктеге *қисық қисық сызық бойлап жақындасса* (13-сурет), сәйкес кесінділердің қисық сызыққа A нүктеде өткізілген жанама жағдайын алуға ұмтылуын *интиутив түрінде* қабылдаймыз.

Бұл жағдайда, анық, AB туры сызықтың бұрыш коэффиценті жанаманың бұрыш коэффицентіне жақындайды.

1-мысал. $f(x) = x^2$ функциясының графигіне $A(1;\ 1)$ нүктеде жанамаланған түзу сызықтың бұрыш коэффицентіні тап. (14-сурет).



14-сурет.



15-сурет.

△ $f(x) = x^2$ функциясының графигіне тиісті мәжбүри $B(x, x^2)$ нүктені қарайық (15-сурет).

AB түзу сызықтың бұрыш коэффиценті

$\dfrac{f(x)-f(1)}{x-1}$ немесе $\dfrac{x^2-1}{x-1}$ ге тең.

B нүкте A нүктеге қисық сызық бойлап жақындағанда, x тың мәні 1 ге жақындайды, мұнда $x \neq 1$.

Демек, AB түзу сызықтың бұрыш коэффиценті жанама бұрыш коэффиценті k ге жақындайды, немесе:

$$k = \lim_{x\to 1}\frac{x^2-1}{x-1} = \lim_{x\to 1}\frac{(x+1)(x-1)}{x-1} = \lim_{x\to 1}(x+1) = 2\cdot$$

Демек, $k = 2$. ▲

$y = f(x)$ функция берілген болсын. Оның графигіне тиісті болған $A(x; f(x))$ және $B(x+h; f(x+h))$ нүктелерді қарайық (16-сурет).

AB тік сызықтың бұрыш коэффиценті

$$\frac{f(x+h)-f(x)}{x+h-x} = \frac{f(x+h)-f(x)}{h}$$

айырмалы қатынасқа тең.

B нүкте A нүктеге қисық сызық бойлап жақындағанда $h \to 0$, немесе h арттырма жағдайда ұмтылады, AB кесуші болса функция графигіне A нүктеде өткізілген жанамаға ұмтылады

Сонымен қатар, AB түзу сызықтың бұрыш коэффиценті жанаманың бұрыш коэффицентіне жақындайды.

Басқаша айтқанда, h тың мәні 0 ге ұмтылғанда мәжбүри $(x; f(x))$ нүктеде өткізілген жанаманың бұрыш коэффиценті $\dfrac{f(x+h)-f(x)}{h}$ айырмалы қатынастың лимит мәніне, немесе $\lim\limits_{h\to 0}\dfrac{f(x+h)-f(x)}{h}$ мәніне тең болады.



16-сурет.



17-сурет.

x тың дәл осындай лимит пайда болған ерікті еркін мәніне функция графигіне $(x,\ f(x))$ нүктеде өткізілген жанаманың бұрыш коэффицентінің жалғыз мәнін сәйкес қою мүмкін (17-сурет).

Демек, $\lim\limits_{h\to 0}\dfrac{f(x+h)-f(x)}{h}$ формула жаңа функцияны сипаттайды.

Міне осы функция $y=f(x)$ функциясының **туындының шөгу функциясы** немесе жай ғана **туынды** деп аталады.

Сипаттама: $y=f(x)$ функциясының **туынды** деп төмендегі лимитке (егер ол бар болса) айтылады:

$$\lim_{h\to 0}\frac{f(x+h)-f(x)}{h} \qquad (1)$$

Әдетте $y=f(x)$ функциясының туындысы $f'(x)$ сияқты белгіленеді. Туындыны табу амалы *дифференциалдау* дейміз.

$f'(x)$ белгілеудің орнына $\dfrac{dy}{dx}$ сынды белгілеу де қабылданған.

Бұл белгілеудің "бөлшек фракция" көріністе екендігін төмендегідей түсіндіру мүмкін.

Егер арттырмаларды $h=\Delta x$, $f(x+\Delta x)-f(x)=\Delta y$ деп белгілесек,

$f'(x)=\lim\limits_{h\to 0}\dfrac{f(x+h)-f(x)}{h}$ тан төмендегіге ие боламыз (18-сурет): $f'(x)=\lim\limits_{\Delta x\to 0}\dfrac{\Delta y}{\Delta x}=\dfrac{dy}{dx}$.



18-сурет.

Жоғарыдағы айтылған пікірлерден мынадай қорытындыға келеміз: $y = f(x)$ функция шешімін x_0 нүктедегі мәні функция графигіне осы нүктеде өткізілген жанаманың бұрыш коэффицентіне тең. Туындының геометриялық *мағынасы осыдан тұрады*.

2-есеп. Материалдық нүкте $s=s(t)$ (s – метрлерде, t – секундтарда өлшенеді) заңға сәйкес түзу сызық бойлап әрекет жасауда. Осы заңды нүктенің уақыттың t сәтіндегі (уақытындағы) жылдамдығы $v(t)$ ны тап.

△ Белгілі, лездік жылдамдық нүктенің кіші уақыт аралығы Δt дағы орташа жылдамдығы $v(t)=\dfrac{s(t+\Delta t)-s(t)}{\Delta t}$ ға шамалас тең. Δt нолге ұмтылғанда лездік тездігі және орташа жылдамдық арасындағы айырмашылық та нолге ұмтылады. Демек, материалдық нүктенің t сәтіндегі лездік жылдамдығы

$$v(t)=\lim_{\Delta t\to 0}\frac{s(t+\Delta t)-s(t)}{\Delta t}=\lim_{\Delta t\to 0}\frac{\Delta s}{\Delta t}=s'(t). \ ▲$$

Сонымен, t сәттегі лездік жылдамдық нүктенің әрекет заңы $s(t)$ функциядан алынған туындыға тең екен.

Туындының *физикалық мағынасы* осындай. Жалпы айтқанда, шешімі *функциясының өзгеру жылдамдығы.*

Жаттығулар

Туынды анықтамасынан пайдаланып, функциялардың туындысын тап:

1. $f(x)=x^2$; **2.** $f(x)=5$; **3.** $f(x)=x^3-7x+5$;

4. $f(x)=x^4$; **5.** $f(x)=\dfrac{1}{x}$; **6.** $f(x)=\sqrt{x}$; **7.** $f(x)=\sqrt[3]{x}$.

△ **1.** $h\neq 0$ болғаны үшін

$$f'(x)=\lim_{h\to 0}\frac{f(x+h)-f(x)}{h}=\lim_{h\to 0}\frac{(x+h)^2+x^2}{h}=$$

$$=\lim_{h\to 0}\frac{\cancel{x^2}+2xh+h2-\cancel{x^2}}{h}=\lim_{h\to 0}\frac{\cancel{h}(2x+h)}{\cancel{h}}=\lim_{h\to 0}(2x+h)=2x\,.$$

2. $h\neq 0$ болғаны үшін $f(x+h)=5$, $f(x+h)-f(x)=5-5=0$,

$$\frac{f(x+h)-f(x)}{h}=\frac{0}{h}=0 \quad \text{Демек,}\ f'(x)=\lim_{h\to 0}\frac{f(x+h)-f(x)}{h}=0.$$

3. $h\neq 0$ болғаны үшін

$f(x+h)=(x+h)^3-7(x+h)+5=x^3+3x^2h+3xh^2+h^3-7x-7h+5$;

$f(x+h)-f(x)=x^3+3x^2h+3xh^2+h^3-7x-7h+5-x^3+7x-5=$

$=3x^2h+3xh^2+h^3-7h$.

$$\frac{f(x+h)-f(x)}{h}=\frac{3x^2h+3xh^2+h^3-7h}{h}=3x^2+3xh+h^2-7.$$

$h\to 0$ де $3xh+h^2\to 0$ болғаны үшін

$$f'(x)=\lim_{h\to 0}\frac{f(x+h)-f(x)}{h}=3x^2-7.$$

4. Қысқа көбейтіру формулаларына қарағанда $a^4-b^4=(a-b)(a+b)(a^2+b^2)$.

Демек, $(x+h)^4-x^4=(x+h-x)(x+h+x)((x+h)^2+x^2)=$

$=h(2x+h)(2x^2+2xh+h^2)=2hx(2x+h)(x+h)+h^3(2x+h)=$

$=2hx(2x^2+h(3x+h))+h^3(2x+h)$; $h\to 0$ болса,

$2h^2x(3x+h)\to 0$ va $h^3(2x+h)\to 0$ болғаны үшін

$$\lim_{h\to 0}\frac{(x+h)^4-x^4}{h}=\lim_{h\to 0}(4x^3+2hx(3x+h))+h^2(2x+h))=4x^3.$$

Демек, $f'(x)=(x^4)'=4x^3$.

5. $f(x)=\dfrac{1}{x}$, $x\neq 0$ болсын,

$$f(x+h)-f(x)=\frac{1}{x+h}-\frac{1}{x}=\frac{x-(x+h)}{(x+h)x}=-\frac{h}{(x+h)x},$$

$$\frac{f(x+h)-f(x)}{h}=\frac{-1}{(x+h)x}.$$

$h\to 0$ da $x+h\to x$ болғаны үшін $f'(x)=-\frac{1}{x^2}$ болады.

6. $f(x)=\sqrt{x}$, $x>0$, $x+h>0$ болсын, $\frac{f(x+h)-f(x)}{h}=\frac{\sqrt{x+h}-\sqrt{x}}{h}$ айырмалы қатынасты түземіз және оны жеңілдеттіреміз:

$$\frac{f(x+h)-f(x)}{h}=\frac{\left(\sqrt{x+h}-\sqrt{x}\right)\left(\sqrt{x+h}+\sqrt{x}\right)}{h\left(\sqrt{x+h}+\sqrt{x}\right)}=$$

$$=\frac{(x+h)-x}{h\left(\sqrt{x+h}+\sqrt{x}\right)}=\frac{h}{h\left(\sqrt{x+h}+\sqrt{x}\right)}=\frac{1}{\sqrt{x+h}+\sqrt{x}}.$$

$h\to 0$ де $\sqrt{x+h}\to\sqrt{x}$ болғаны үшін $f'(x)=\frac{1}{2\sqrt{x}}$ болады.

7. Айырмалы қатынасты түземіз:

$$\frac{f(x+h)-f(x)}{h}=\frac{\sqrt[3]{x+h}-\sqrt[3]{x}}{h}=\frac{\left(\sqrt[3]{x+h}-\sqrt[3]{x}\right)(\sqrt[3]{(x+h)^2}+\sqrt[3]{(x+h)x}+\sqrt[3]{x^2})}{h(\sqrt[3]{(x+h)^2}+\sqrt[3]{(x+h)x}+\sqrt[3]{x^2})}=$$

$$=\frac{x+h-x}{h(\sqrt[3]{(x+h)^2}+\sqrt[3]{(x+h)x}+\sqrt[3]{x^2})}=\frac{h}{h(\sqrt[3]{(x+h)^2}+\sqrt[3]{(x+h)x}+\sqrt[3]{x^2})}=$$

$$=\frac{1}{\sqrt[3]{(x+h)^2}+\sqrt[3]{(x+h)x}+\sqrt[3]{x^2}}.$$

$h\to 0$ де $\frac{1}{\sqrt[3]{(x+h)^2}+\sqrt[3]{(x+h)x}+\sqrt[3]{x^2}}\to\frac{1}{3\sqrt[3]{x^2}}$. Демек, $\left(\sqrt[3]{x}\right)'=\frac{1}{3\sqrt[3]{x^2}}$.

Жауап: **1.** $2x$. **2.** 0. **3.** $3x^2-7$. **4.** $4x^3$. **5.** $-\frac{1}{x^2}$. **6.** $\frac{1}{2\sqrt{x}}$. **7.** $\frac{1}{3\sqrt[3]{x^2}}$. ▲

Ескерту керек, x мөлшері x тан $x+h$ қа өзгергенде $y=f(x)$ мөдшер өзгеруінің **орташа жылдамдығы**

$$\frac{f(x+h)-f(x)}{h}$$

айырмалы қатынасына тең.

Мұнан $\lim\limits_{h\to 0}\frac{f(x+h)-f(x)}{h}$ өрнек $y=f(x)$ мөлшер өзгеруінің **лездік жылдамдығын** білдіреді.

Жаттығулар

13. Төмендегі функцияның туындысы неге тең?

а) $f(x)=x^3$; б) $f(x)=x^{-1}$; с) $f(x)=x^{\frac{1}{2}}$; д) $f(x)=c$.

14. Кестені дәптеріңе көшір және толтыр:

а)

$f(x)$	$f'(x)$
x^1	
x^2	
x^3	
x^{-1}	
$x^{\frac{1}{2}}$	

б) Сенің ойыңша, $y=x^n$ функция туындысы неге тең (бұл жерде n – рационал сан) ?

15. Өрнекті пайдаланып, функция туындысын тап:

а) $f(x)=2x+3$; б) $f(x)=3x^2+5x+1$; с) $f(x)=2x^3+4x^2+6x-1$.

16*. Дәптеріңе көшір және толтыр:

а) $f(x)=ax+b$ үшін $f'(x)=...$;

б) $f(x)=ax^2+bx+c$ үшін $f'(x)=...$;

с) $f(x)=ax^3+bx^2+cx+d$ үшін $f'(x)=...$

17*. Төмендегі анықтамаларды дәлелде:

а) $f(x)=cg(x)$ болса, онда $f'(x)=cg'(x)$;

б) $f(x)=g(x)+h(x)$ болса, онда $f'(x)=g'(x)+h'(x)$.

18*. Функция графигіне қарап кесінділердің дәрежесін салыстыр:



а) $f'(-7)$ және $f'(-2)$; с) $f'(-9)$ және $f'(0)$;
б) $f'(-4)$ және $f'(2)$; д) $f'(-1)$ және $f'(5)$.

19. 1) Жоғарыдағы функция графигіне қарап, төмендегі шарттарды қанағаттандыратын x_1, x_2 нүктелерін тап (x_1, x_2 – Ox оқтың нүктелері: –9, –8, ..., 5, 6,):

а) $f'(x_1) > 0,\ f'(x_2) > 0$; b) $f'(x_1) < 0,\ f'(x_2) > 0$;
c) $f'(x_1) < 0,\ f'(x_2) < 0$; d) $f'(x_1) > 0,\ f'(x_2) < 0$.

2) Графикке қарап осы сұрақтарға жауап беріңдер:

а) функция кайсы аралықта өсуші? Қайсы аралықта азаюшы?

б) функцияның [0; 3], [3; 6], [–9; –6] аралықтарындағы артықшылықты есепте.

3) Функция қайсы нүктеде ең үлкен, қайсы нүктеде ең кіші құнын қабылдайды?

4) Функция қайсы нүктелерде нолге айланады?

5) Қайсы аралықта функция плюс (+) құнын кабылдайды?

6) Қайсы аралықта функция минус (–) құнын кабылдайды?

7–9 ТУЫНДЫНЫ ЕСЕПТЕУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Егер $f(x)$ және $g(x)$ функцияларының әр бірі туындыға ие болса, бұл жағдайда төмендегі дифференциалдық ережелері орынды:

1. Жиындының туындысы туындылар жиындысына тең:

$$(f(x) + g(x))' = f'(x) + g'(x). \qquad (1)$$

2. Айырманың туындысы туындылардың айырмасына тең:

$$(f(x) - g(x))' = f'(x) - g'(x). \qquad (2)$$

1-есеп. Функцияның туындысын тап:

1) $f(x)=x^3+x^2-x+10$; 2) $f(x)=\sqrt{x}-\dfrac{1}{\sqrt{x}}$.

△ Туындыны табуда 1, 2-ережелерден және туындылар кестесінің 1, 3- бөлімдерінен пайдаланамыз, яғни :

1) $f'(x)=(x^3)'+(x^2)'-(x)'+10=3x^2+2x-1;$

2) $f'(x)=\left(x^{\frac{1}{2}}\right)'-\left(x^{-\frac{1}{2}}\right)'=\dfrac{1}{2}x^{-\frac{1}{2}}+\dfrac{1}{2}x^{-\frac{3}{2}}.$

Жауабы: 1) $3x^2+2x-1;$ 2) $\dfrac{1}{2}x^{-\frac{1}{2}}+\dfrac{1}{2}x^{-\frac{3}{2}}.$ ▲

3. Өзгермейтін көбейткішті туынды белгісінен сыртқа шығару мүмкін:

$$(cf(x))'=c\cdot f'(x), \quad c - \text{өзгермейтін сан}. \qquad (3)$$

2-есеп. Функцияның туындысын тап:

1) $f(x) = 7x^3-5x^2+4$; 2) $f(x)=3\sqrt{x}+\dfrac{5}{x}-x^3$.

△ Туындыны табуда 1, 2, 3-ережелерден және туындылар кестесінің 1, 3- бөлімдерінен пайдаланамыз, яғни:

1) $f'(x)=(7x^3-5x^2+4)'=(7x^3)'-(5x^2)'+(4)'=21x^2-10x;$

2) $f'(x)=\left(3\sqrt{x}+\dfrac{5}{x}-x^3\right)'=3\left(\sqrt{x}\right)'+5\cdot\left(\dfrac{1}{x}\right)'-(x^3)'=\dfrac{3}{2\sqrt{x}}-\dfrac{5}{x^2}-3x^2.$

Жауабы: 1) $21x^2-10x;$; 2) $\dfrac{3}{2\sqrt{x}}-\dfrac{5}{x^2}-3x^2.$ ▲

4. Көбейтудің туындысы:

$$(f(x)g(x))' = f\,'(x)g(x) + f(x)g'(x). \qquad (4)$$

3- есеп. Функцияның туындысын тап:

1) $f(x)=(2x+4)(3x+1)$; | 2) $f(x)=(3x^2+4x+1)(2x+6)$; | 3) $f(x)=\sqrt[3]{x}\cdot(x^2-5x)$.

△ Туындыны табуда 1, 3, 4-ережелерден және туындылар кестесінің 1, 3- бөлімдерінен пайдаланамыз, яғни:

1) $f'(x)=((2x+4)(3x+1))'=(2x+4)'(3x+1)+(2x+4)(3x+1)'=$
$=2(3x+1)+3(2x+4)=6x+2+6x+12=12x+14;$

2) $f\,'(x)=((3x^2+4x+1)(2x+6))'=(3x^2+4x+1)'(2x+6)+$
$+(3x^2+4x+1)(2x+6)'=(6x+4)(2x+6)+2(3x^2+4x+1)=18x^2+52x+26;$

3) $f'(x)=\left(\sqrt[3]{x}\cdot\left(x^2-5x\right)\right)'=\left(\sqrt[3]{x}\right)'\left(x^2-5x\right)+\sqrt[3]{x}\left(x^2-5x\right)'=$

$$=\frac{1}{3\sqrt[3]{x^2}}\left(x^2-5x\right)+\sqrt[3]{x}\,(2x-5)=\frac{x^2-5x}{3\sqrt[3]{x^2}}+(2x-5)\sqrt[3]{x}=\frac{x^2-5x+3(2x-5)\sqrt[3]{x^3}}{3\sqrt[3]{x^2}}=$$

$$=\frac{x^2-5x+6x^2-15x}{3\sqrt[3]{x^2}}=\frac{7x^2-20x}{3\sqrt[3]{x^2}}=\frac{x(7x-20)}{3\sqrt[3]{x^2}}=\frac{\sqrt[3]{x}}{3}(7x-20).$$

Жауап: 1) $12x+14$;; 2) $18x^2+52x+26$; 3) $\frac{\sqrt[3]{x}}{3}(7x-20)$. ▲

5. Бөліндінің туындысы:

$$\left(\frac{f(x)}{g(x)}\right)'=\frac{f'(x)g(x)-f(x)g'(x)}{(g(x))^2}, \quad \text{бұл жерде} \quad g(x)\neq 0. \qquad (5)$$

4- есеп. Функцияның туындысын тап:

1) $f(x)=\frac{x+1}{x-2}$; 2) $f(x)=\frac{3x+7}{x-5}$; 3) $f(x)=\frac{\sqrt{x}}{5x-7}$.

△ Туындыны табуда 1, 3, 5-ережелерден және туындылар кестесінің 1, 3- бөлімдерінен пайдаланамыз,яғни:

1) $f\,'(x)=\left(\frac{x+1}{x-2}\right)'=\frac{(x+1)'(x-2)-(x+1)(x-2)'}{(x-2)^2}=\frac{x-2-(x+1)}{(x-2)^2}=-\frac{3}{(x-2)^2};$

2) $f\,'(x)=\left(\frac{3x+7}{x-5}\right)'=\frac{(3x+7)'(x-5)-(3x+7)(x-5)'}{(x-5)^2}=$

$$=\frac{3(x-5)-(3x+7)\cdot 1}{(x-5)^2}=\frac{3x-15-3x-7}{(x-5)^2}=-\frac{22}{(x-5)^2};$$

3) $f'(x)=\left(\frac{\sqrt{x}}{5x-7}\right)'=\frac{(\sqrt{x})'\cdot(5x-7)-\sqrt{x}\cdot(5x-7)'}{(5x-7)^2}=$

$$=\frac{\frac{1}{2\sqrt{x}}(5x-7)-\sqrt{x}\cdot 5}{(5x-7)^2}=\frac{5x-7-10x}{2\sqrt{x}(5x-7)^2}=-\frac{7+5x}{2\sqrt{x}(5x-7)^2}.$$

Жауабы: 1) $-\dfrac{3}{(x-2)^2}$; 2) $-\dfrac{22}{(x-5)^2}$; 3) $-\dfrac{7+5x}{2\sqrt{x}(5x-7)^2}$. ▲

5- есеп. Функциялардың туындысын тап:

1) $f(x)=\sin x$; 2) $f(x)=\cos x$; 3) $f(x)=\operatorname{tg} x$.

△ 1) Айырмалы қатнасын табуда синустар айырмасын көбейтуге келтіру формуласынан пайдаланамыз:

$$\frac{\sin(x+h)-\sin x}{h}=\frac{2\sin\frac{h}{2}\cos\frac{2x+h}{2}}{h}=\frac{\sin\frac{h}{2}}{\frac{h}{2}}\cos\frac{2x+h}{2}.$$

$h\to 0$ де $\dfrac{\sin\frac{h}{2}}{\frac{h}{2}}\to 1$, $\cos\dfrac{2x+h}{2}\to\cos x$ екенін дәлелдеу мүмкін.

Демек, $(\sin x)'=\cos x$.

2) Айырмалы қатнасын табуда косинустар айырмасын көбейтуге келтіру формуласынан пайдаланамыз:

$$\frac{\cos(x+h)-\cos x}{h}=-\frac{2\sin\frac{h}{2}\sin\frac{2x+h}{2}}{h}=-\frac{\sin\frac{h}{2}}{\frac{h}{2}}\sin\frac{2x+h}{2}=-\frac{\sin\frac{h}{2}}{\frac{h}{2}}\cdot\sin\left(x+\frac{h}{2}\right).$$

$h\to 0$ де; $\sin\left(x+\dfrac{h}{2}\right)\to\sin x$ екенін дәлелдеу мүмкін.

Демек, $(\cos x)'=-\sin x$.

3) Туындыны табудың 5-ережесі осы есептің 1-, 2-бөлімдегі жауаптарынан пайдаланып, $f(x)=\operatorname{tg} x=\dfrac{\sin x}{\cos x}$ функцияның туындысын табамыз:

$$f'(x)=(\operatorname{tg} x)'=\left(\frac{\sin x}{\cos x}\right)'=\frac{(\sin x)'\cos x-\sin x(\cos x)'}{\cos^2 x}=$$

$$=\frac{\cos x\cos x-\sin x(-\sin x)}{\cos^2 x}=\frac{\cos^2 x+\sin^2 x}{\cos^2 x}=\frac{1}{\cos^2 x}.$$

Жауабы: 1) $(\sin x)'=\cos x$; 2) $(\cos x)' = -\sin x$; 3) $(\mathrm{tg}x)' = \dfrac{1}{\cos^2 x}$. ▲

Туындыны есептеуде дифференциалдау ережелерінен және төмендегі кестеден пайдалану мақсатқа сай.

Туындылар кестесі

№	*Функциялар*	*Туындылар*
1	c – өзгермейді	0
2	$kx+b$, k, b – өзгермейтіндер	k
3	x^p, p – өзгермейді	px^{p-1}
4	$\sin x$	$\cos x$
5	$\cos x$	$-\sin x$
6	$\mathrm{tg}x$	$\dfrac{1}{\cos^2 x}$
7	$\mathrm{ctg}x$	$-\dfrac{1}{\sin^2 x}$
8	a^x, $a>0$	$a^x \ln a$
9	e^x	e^x
10	$\ln x$	$1/x$
11	$\lg x$	$\dfrac{1}{x\cdot\ln 10}$
12	$\log_a x$, $a>0$, $a=1$	$\dfrac{1}{x\cdot\ln a}$

? Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Туындыны есептеу ережелерін айт. Әрбір ережеге мысал келтір.
2. Туындылар кестесінің 4-, 5- бөлімдерін дәлелде.
3. Функцияның $x=x_0$ нүктедегі туындысы не, туынды функция деген не? Олардың қандай айырмашылығы бар? Мысалдармен түсіндіріңдер.

Жаттығулар

Туындыны тап (**20–22**):

20. 1) $y = x^4$; 2) $y = \frac{1}{x^2}$; 3) $y = \frac{1}{x^3}$.

21. 1) $y = x^4 - x^2 + x$; 2) $y = \frac{1}{x} + x$; 3) $y = x^3 + \sqrt[3]{x}$;

4) $y = x^4 + x^3 + x^2 - x - \frac{1}{x} - \frac{1}{x^2}$.

22. 1) $y = (x-1)(x^2-5)$; 2) $y = \frac{x^2-4}{x-2}$;

3) $y = (x^4 - \sqrt{x})(x^2 + x)$; 4) $y = \frac{\sqrt{x}+1}{x-1}$.

23. Материялдық нүктенің берілген t_0 уақыттағы жылдамдығын есепте:

1) $s(t) = t^3 - 2t^2 + t$; $t_0 = 5$; 2) $s(t) = 5t + t^3 + \sqrt{t}$, $t_0 = 4$.

24. Функцияның абссиссасы берілген нүктедегі туындыны есепте:

1) $f(x) = x^2 + 5x - 3$, $x_0 = 1$; 3) $f(x) = 2\sqrt{x} + x^3 + \frac{1}{2}$, $x_0 = 4$;

2) $f(x) = 4 - 3x$, $x_0 = -2$; 4) $f(x) = x^2 + \lg 2$, $x_0 = 1$.

Туындыны тап (**25–29**):

25. 1) $y = 2x^3 - 4x^2 + 5$; 3) $y = \frac{4}{x} + \frac{x}{4}$;

2) $y = 7x^2 - 2x + \sqrt{7}$; 4) $y = x^2 + \frac{1}{x^2}$.

26. 1) $y = (x-2)(x+2)$; 3) $y = \frac{x^2-9}{x-3}$;

2) $y = (x+2)^3$; 4) $y = x^2 + \lg 7 + \sin\frac{\pi}{9}$.

27. 1) $y = x^8 + 7x^2 + 5x$; 2) $y = 2x^8 + x^6$;

3) $y = \frac{x^4}{x^6 - 1}$; 4) $y = \frac{x^2 + x + 1}{x^3 - 1}$;

5) $y = x^{-2} + \frac{1}{x}$; 6) $y = x^4 - 4x$;

7) $y = \sqrt[5]{x^4} + \sqrt[3]{x^2}$; 8) $y = (x^5 + x^{-5})(x^2 + x^{-2})$.

28. 1) $f(x)=x^5+5x^4+4x^3+3x^2+2x+1$; 2) $f(x)=\sin^2 x+\cos^2 x$;

3) $f(x)=\dfrac{x}{\cos x}$; 4) $f(x)=\mathrm{tg}x$; 5) $y=8^x$;

6) $y=\log_2 x+\log_2 3$; 7) $y=2^x x$; 8) $y=x\ln x$;

9) $y=e^x\cos x$; 10) $y=2e^x-\ln x+\dfrac{1}{x}$.

29. 1) $y=2^x\sin x$; 2) $y=e^x(\cos x+\sin x)$; 3) $y=x\mathrm{tg}x$;

4) $y=\dfrac{\ln x}{x}$; 5) $y=3\sin^2 x$; 6) $y=5x+\sqrt{x}+\sqrt[3]{x}$;

7) $y=(x+1)(\ln x+1)$; 8) $y=(2+x)^3$; 9) $y=(3x+5)^6+2019$.

30. Материялдық нүктенің берілген t_0 уақыттағы жылдамдығын тап:

1) $s(t)=t^2+5t+1$, $t_0=1$; 2) $s(t)=4t^3+\dfrac{1}{t}+1$, $t_0=1$.

31. Функцияның берілген нүктедегі туындысын тап:

1) $f(x)=(x+1)^3$, $x_0=-1$; 2) $f(x)=\sin x$, $x_0=\dfrac{\pi}{2}$.

32. Туындыны тап:

1) $y=2\sin x$; 2) $y=\sqrt{3}-\mathrm{tg}x$; 3) $y=-3\cos x$; 4) $y=\mathrm{tg}x-\mathrm{ctg}x$;

5) $y=4x-\cos x$; 6) $y=x^2\sin x$; 7) $y=\dfrac{x}{\sin x}$; 8) $y=x\sin x+\cos x$.

33. Функцияның x_0 нүктедегі туындысын есепте:

1) $f(x)=\dfrac{2x+1}{3x-5}$, $x_0=2$; 2) $f(x)=\mathrm{tg}x-x+2$, $x_0=\dfrac{\pi}{4}$;

3) $f(x)=x(\lg x-1)$, $x_0=10$; 4) $f(x)=\mathrm{tg}x-\dfrac{1}{2}\ln x$, $x_0=\dfrac{\pi}{4}$.

34. Туындыны нөлге айналдыратын нүктені тап:

1) $f(x)=x^4-4x$; 2) $f(x)=\mathrm{tg}x-x$;

3) $f(x)=x^8-2x^4+3$; 4) $f(x)=\log_2 x-\dfrac{x}{\ln 2}$.

10–12 КҮРДЕЛІ ФУНКЦИЯНЫҢ ТУЫНДЫСЫ

Күрделі функция. $y=(x^2+3x)^4$ функцияны қараймыз. Егер біз $g(x)=x^2+3x$, $f(x)=x^4$ белгілеуді кіргізсек, $y=(x^2+3x)^4$ функция $y=f(g(x))$ көріністе болады. Біз $y=f(g(x))$ функцияны *күрделі функция дейміз*.

1-есеп. Егер $f(x)=x^2$ және $g(x)=\frac{x-2}{x+3}$ болса, төмендегілерді тап:

1) $f(g(2))$; 2) $f(g(-4))$; 3) $g(f(1))$;

4) $f((-4))$; 5) $f(f(1))$ 6) $g(g(-1))$.

△ Берілген функциялардан пайдаланып, есептеулерді орындаймыз.

1) $f(g(x))=f\left(\frac{x-2}{x-3}\right)$, осыдан $f(g(2))=f\left(\frac{2-2}{2+3}\right)=f(0)=0^2=0$;

2) $f(g(-4))=f\left(\frac{-4-2}{-4+3}\right)=f(6)=6^2=36$;

3) $g(f(1))=g(1^2)=g(1)=\frac{1-2}{1+3}=-\frac{1}{4}$;

4) $g(f(-4))=g((-4)^2)=g(16)=\frac{16-2}{16+3}=\frac{14}{19}$;

5) $f(f(1))=f(1^2)=f(1)=1^2=1$;

6) $g(g(-1))=g\left(\frac{-1-2}{-1+3}\right)=g\left(-\frac{3}{2}\right)=\frac{-\frac{3}{2}-2}{-\frac{3}{2}+3}=\frac{-3,5}{1,5}=-\frac{7}{3}$.

Жауабы: 1) 0; | 2) 36; | 3) $-\frac{1}{4}$; | 4) $\frac{14}{19}$; | 5) 1; | 6) $-\frac{7}{3}$. ▲

Күрделі функцияның туындысы үшін осы формула орынды:

$$(f(g(x)))'=f'(g(x))\cdot g'(x) \tag{1}$$

2-есеп. Функцияның туындысын тап (k, b – өзгермейтін сандар):

1) $f(x) = (kx + b)^n$; 2) $f(x) = \sin(kx + b)$;
3) $f(x) = \cos(kx + b)$; 4) $f(x) = \mathrm{tg}(kx + b)$.

△ 1) $f(t) = t^n$ және $t(x) = kx + b$ функцияларға (1) формуланы қолданамыз:

$$((kx+b)^n)' = (t^n)' \cdot (kx+b)' = nt^{n-1} \cdot k = n \cdot k \cdot (kx + b)^{n-1}.$$

2) $f(t) = \sin t$ және $t(x) = kx + b$ функцияларға (1) формуланы қолданамыз:

$$(\sin(kx+b))' = (\sin t)' \cdot (kx+b)' = k \cdot \cos t = k \cdot \cos(kx + b).$$

3) $f(t) = \cos t$ және $t(x) = kx + b$ функцияларға (1) формуланы қолданамыз

$$(\cos(kx + b))' = (\cos t)' \cdot (kx+b)' = -k \cdot \sin t = -k \cdot \sin(kx + b).$$

4) $f(t) = \mathrm{tg}\, t$ және $t(x) = kx + b$ функцияларға (1) формуланы қолданамыз:

$$(\mathrm{tg}(kx + b))' = (\mathrm{tg}\, t)' \cdot (kx + b)' = \frac{1}{\cos^2 t} \cdot k = \frac{k}{\cos^2(kx+b)}.$$

Жауап: 1) $((kx + b)^n)' = n \cdot k \cdot (kx + b)^{n-1}$; 2) $(\sin(kx + b))' = k \cdot \cos(kx+b)$; 3) $(\cos(kx+b)' = -k \cdot \sin(kx+b)$; 4) $(\mathrm{tg}(kx+b)' = \dfrac{k}{\cos^2(kx+b)}$. ▲

3-есеп. $f(x) = \sin 8x \cdot e^{(3x+2)}$ функция туындысын тап.

△ Туындыны табудың 4-ережесіне де (1) формуланы пайдаланып туындыны табамыз:

$$f'(x) = (\sin 8x e^{(3x+2)})' = (\sin 8x)' e^{3x+2} + \sin 8x \cdot (e^{3x+2})' = \cos 8x e^{3x+2} \cdot (8x)' +$$
$$+ \sin 8x e^{3x+2} \cdot (3x+2)' = e^{3x+2} \cdot (8\cos 8x + 3\sin 8x).$$

Жауабы: $e^{3x+2} \cdot (8\cos 8x + 3\sin 8x)$. ▲

4-есеп. $h(x) = (x^3 + 1)^5$ функцияның $x_0 = 1$ нүктедегі туындысын тап.

△ (1) формуладан пайдаланып туындыны есептейміз:

$h'(x) = 5(x^3+1)^4(x^3+1)' = 5(x^3+1)^4 3x^2 = 15x^2(x^3+1)^4$.

Демек, $h'(1) = 15(1^3+1)^4 \cdot 1^2 = 15 \cdot 16 = 240$. *Жауабы*: 240. ▲

5-есеп. $f(x) = 2^{\cos x}$ функцияның туындысын тап.

△ (1) формуладан пайдаланып туындыны есептейміз:

$f'(x) = 2^{\cos x} \ln 2\, (\cos x)' = -\sin x\, 2^{\cos x} \ln 2$. *Жауабы*: $-\sin x\, 2^{\cos x} \ln 2$. ▲

6-есеп. $f(x) = \mathrm{tg}^5 x$ функцияның туындысын тап.

△ (1) формуладан пайдаланып тундыны есептейміз:

$f'(x) = 5\,\mathrm{tg}^4 x\,(\mathrm{tg}\,x)' = 5\mathrm{tg}^4 x\dfrac{1}{\cos^2 x}$. *Жауабы*: $\dfrac{5\mathrm{tg}^4 x}{\cos^2 x}$. ▲

7-есеп. $h(x)=3^{\cos x}\cdot\log_7(x^3+2x)$ функцияның туындысын тап.

△ $f(x)=3^{\cos x}$ және $g(x)=\log_7(x^3+2x)$ белгілеулерді кіргізіп, (1) формуланы –күрделі функция туындысын есептеу формуласын қолдаймыз:

$$f'(x)=(3^{\cos x})'=3^{\cos x}\ln 3\cdot(\cos x)'=-3^{\cos x}\ln 3\cdot\sin x,$$

$$g'(x)=(\log_7(x^3+2x))'=\frac{1}{(x^3+2x)\ln 7}\cdot(x^3+2x)'=\frac{3x^2+2}{(x^3+2x)\ln 7}$$

әрі $h(x)$ функцияны 2 функцияның көбейтіндісі деп қараймыз:

$$h'(x) = (3^{\cos x}\cdot\log_7(x^3+2x))' = (3^{\cos x})'\cdot\log_7(x^3+2x) +$$
$$+ 3^{\cos x}\cdot(\log_7(x^3+2x))' = -3^{\cos x}\cdot\ln 3\cdot\sin x\cdot\log_7(x^3+2x)+\frac{3^{\cos x}(3x^2+2)}{(x^3+2x)\ln 7}.$$

Жауабы: $-3^{\cos x}\cdot\ln 3\cdot\sin x\cdot\log_7(x^3+2x)+\dfrac{3^{\cos x}(3x^2+2)}{(x^3+2x)\ln 7}$. ▲

? Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Күрделі функция деп неге айтылады? Мысал келтір.
2. Күрделі функцияны анықтау саласы қалай табылады?
3. Күрделі функция туындысын табу формуласын жаза аласың ба?
4. Күрделі функция туындысын табуды 1–2 есепте көрсет.

Жаттығулар

35. Егер $f(x)=x^2-1$ болса, көрсетілген функцияларды тап:

1) $f(\frac{1}{x})$; 2) $f(2x)$; 3) $f(x^2-1)$; 4) $f(x+1)-f(x-1)$.

36. Егер $f(x)=\frac{x+1}{x-1}$ болса , көрсетілген функцияларды тап:

1) $f(\frac{1}{x})$; 2) $f(\frac{1}{x^2})$; 3) $f(x-1)$; 4) $f(x+1)$.

37. Егер $f(x)=x^2$, $g(x)=x-1$ болса, төмендегілерді тап:

1) $f(g(x))$; 2) $f(f(x))$; 3) $g(g(x))$; 4) $g(f(x))$.

38. Егер $f(x)=x^3$, $g(x)=x^2+1$ болса төмендегілерді тап:

1) $\frac{f(x^2)}{g(x)-1}$; 2) $f(x)+3g(x)+3x-2$;

3) $f(g(x))$; 4) $g(f(x))$.

Теңдеуден пайдаланып , $f(x)$ ті тап (**39–42**):

39. $f(x+1)=x^2-1$. **40*.** $f(x)+3\cdot f(\frac{1}{x})=\frac{1}{x}$.

41. $f(x+3)=x^2-4$. **42*.** $2f(x)+f(\frac{1}{x})=x$.

Туындыны тап (**43–44**):

43. 1) $f(x)=(3x-2)^5$; 2) $f(x)=e^{\sin x}$; 3) $f(x)=(4-3x)^7$;

4) $f(x)=\sin^2 x$; 5) $f(x)=\frac{1}{(2x+9)^3}$; 6) $f(x)=\ln(4x-1)$;

7) $f(x)=\sqrt{4x-5}$; 8) $f(x)=(2x-1)^{10}$; 9) $f(x)=\cos^8 x$.

44*. 1) $e^{\sin x}\cdot \mathrm{tg}\frac{1}{x}$; 2) $3^{\mathrm{ctg}x}\cdot\log_a\cos x$; 3) $\ln\cos x$;

4) $(x^2-5x+4)^3\cdot 10^{\mathrm{tg}x}$; 5) $7^{\log 3x}\cdot(x^3-2x+1)^3$; 6) $3^{\cos x}\cdot(x^2-8x+4)^2$;

7) $\mathrm{ctg}x\cdot\ln(x^2+x)$; 8) $x^2\cos^{30}x+4$; 9) $5\ln x\cdot\mathrm{ctg}x$.

13–14 ФУНКЦИЯ ГРАФИГІНЕ ӨТКІЗІЛГЕН ЖАНАМА ЖӘНЕ НОРМАЛ ТЕҢДЕУЛЕР

ЖАНАМА теңдеуі. $y=f(x)$ функцияға графиктің $(x_0; f(x_0))$ нүктесінен өтетін жанама теңдеуін табамыз (19-сурет). Жанама түзу сызық болғаны үшін оның жалпы көрінісі $y=kx+b$ болады. Туындының геометриялық мағанасына көре $k=\text{tg}\alpha=f'(x_0)$, немесе жанама теңдеуі $y=f'(x_0)x+b$ көріністе болады. Бұл жанама $(x_0; f(x_0))$ нүктеден өткені үшін $f(x_0)=f'(x_0)x_0+b$ болады,осыдан $b=f(x_0)-f'(x_0)x_0$. Табылған b ны жанама теңдеуіне қойсақ,

$$y=f'(x_0)x+f(x_0)-f'(x_0)x_0 \text{ немесе}$$

$$y-f(x_0)=f'(x_0)(x-x_0) \qquad (1)$$

теңдеуі пайда болады.

$y-f(x_0)=f'(x_0)(x-x_0)$ теңдеу $(x_0; f(x_0))$ нүктеде $y=f(x)$ функцияға өткізілген жанама теңдеуі болады.



19-сурет.

1-есеп. $f(x)=x^2-5x$ функция графигіне $x_0=2$ абсциссалы нүктеде өткізілген жанама теңдеуін жаз.

△ Ең алдымен функцияның және функциядан алынған туындының $x_0=2$ нүктесіндегі мәнін табамыз:

$$f(x_0)=f(2)=2^2-5\cdot 2=-6, \quad f'(x)=2x-5, \quad f'(2)=2\cdot 2-5=-1.$$

Табылғандарды (1) теңдеуге қойып , жанама теңдеуі пайда болады.

$y-(-6)=-1\cdot(x-2)$ немесе $y=-x-4$. *Жауабы:* $y=-x-4$. ▲

2-есеп. $f(x)=x^3-2x^2$ функция графигіне $x_0=1$ абсциссалы нүктеде өткізілген жанама теңдеуін жаз.

△ Алдымен функцияның және функциядан алынған туындының $x_0=1$ нүктедегі мәнін табамыз:

$$f(x_0)=f(1)=1^3-2\cdot1^2=-1, \qquad f'(x)=3x^2-4x, \qquad f'(1)=3\cdot1^2-4\cdot1=-1.$$

Табылғандарын (1) теңдеуге қойсақ , жанама теңдеуі пайда болады:

$y-(-1)=-1(x-1)$ немесе $y=-x$. *Жауабы:* $y=-x$. ▲

Егер $y=f(x)$ функция графигінің x_0 абсциссалы нүктесіне өткізілген жанама $y=kx+b$ түзу сызыққа параллель болса, $f'(x_0)=k$ болады. Бұл шарт арқылы функцияның берілген түзу сызыққа параллель болған жанамасы табылады.

3-есеп. $f(x)=x^2-3x+4$ функция үшін $y=2x-1$ түзу сызыққа параллель болған жанама теңдеуін жаз.

△ Жанаманың берілген түзу сызыққа параллельдік шартына қарай , $f'(x_0)=2$ немесе $2x_0-3=2$ теңдеуі пайда болады. Бұл теңдеуде $x_0=2{,}5$ болғаны үшін жанама абсциссасы $x_0=2{,}5$ болған нүктеден өтеді. Енді орындаймыз:

$$f(x_0)=f(2{,}5)=2{,}5^2-3\cdot2{,}5+4=6{,}25-7{,}5+4=2{,}75$$

$$f'(x_0)=f(2{,}5)=2.$$

Енді жанама теңдеуін табамыз:

$$y-2{,}75=2(x-2{,}5) \text{ немесе } y=2x-2{,}25.$$

Жауабы: $y=2x-2{,}25$. ▲

4-есеп. $f(x)=x^3-2x^2+3x-2$ функция графигіне $x_0=4$ абсциссалы нүктеде өткізілген жанама теңдеуін құрастыр және жанама мен Ox осінің оң бағытымен түзілген бұрыштың синусын тап.

△ Алдымен функцияның және функциядан алынған туындының $x_0=4$ нүктесіндегі мәнін табамыз:

$$f(x_0)=f(4)=3\cdot4^3-2\cdot4^2+3\cdot4-2=170, \quad f'(x)=3x^2-4x+3,$$

$$f'(4)=3\cdot4^2-4\cdot4+3=35.$$

Табылғандарды (1) теңдеуге қойып , жанама теңдеуін табамыз:

$y-170=35(x-4)$ немесе $y=35x+30$.

Туындының геометриялық мағанасына қарай $\mathrm{tg}\alpha=35$, осыдан

$$\sin\alpha=\frac{1}{\sqrt{1+\operatorname{ctg}^2\alpha}}=\frac{1}{\sqrt{1+\frac{1}{\operatorname{tg}^2\alpha}}}=\frac{\operatorname{tg}\alpha}{\sqrt{1+\operatorname{tg}^2\alpha}}=\frac{35}{\sqrt{1+35^2}}=\frac{35}{\sqrt{1226}}.$$

Жауабы: $y=35x+30$; $\sin\alpha=\frac{35}{\sqrt{1226}}$. ▲

5*-есеп. $f(x)=x^2$ параболаға абсциссасы x_0 болған A нүктеде өткізілген жанама Ox осін $\frac{1}{2}x_0$ нүктеде кесіп өтеді.Осыны дәлелде.

△ $f'(x)=2x$, $f(x_0)=x_0^2$, $f'(x_0)=2x_0$.

Жанама теңдеуі (1) ге қарай $y=2x_0\cdot x-x_0^2$ болады.Оның Ox осімен қиылысу нүктесі $\left(\frac{x_0}{2};0\right)$ екені белгілі.Осыдан $y=x^2$ параболаға абсциссасы x_0 болған A нүктеде өткізілген жанаманы жасау әдісі келіп шығады: A нүкте және $\left(\frac{x_0}{2};0\right)$ нүкте арқылы өтетін түзу сызық $y=x^2$ параболаға A нүктеде жанама.

Нормал теңдеуі. $y=f(x)$ функция графигіне $x=x_0$ абсциссалы нүктеде өткізілген жанамаға $x=x_0$ нүктеде перпендикуляр болған

$$y-f(x_0)=-\frac{1}{f'(x_0)}(x-x_0) \qquad (2)$$

тік сызыққа $y=f(x)$ функция графигінің x_0 абсциссалы нүктесіне өткізілген нормал делінеді (19- сурет).

6-есеп. $f(x)=x^5$ функция графигіне $x_0=1$ абсциссалы нүктеге өткізілген нормал теңдеуді түз.

△ Туынды формуласынан $f'(x)=5x^4$ болады. Функция және оның туындысынынң $x_0=1$ нүктедегі мәнін есептейміз: $f(1)=1^5=1$ және $f'(1)=5\cdot1^4=5$. Бұл мәндерді нормал теңдеуіне қоямыз және $y-1=-\frac{1}{5}(x-1)$ немесе $y=-\frac{1}{5}x+\frac{6}{5}$ теңдеуі келіп шығады.

Жауабы: $y=-\frac{1}{5}x+\frac{6}{5}$. ▲

Ескерту: $f(x)=x^5$ функция графигіне $x_0=1$ абсциссалы нүктеде өткізілен жанама теңдеуі $y=5x-4$ болады (дәлелде!). Жанама және нормалдың бұрыш коэффициентінің көбейтіндісі $5\cdot(-\frac{1}{5})=-1$ екеніне мән бер.

? Сұрақтар мен тапсырмалар

1. $y=f(x)$ функция графигіне x_0 абсциссалы нүктеде өткізілген жанама теңдеуін жаз.

2. $y=f(x)$ функция графигіне x_0 абсциссалы нүктеде өткізілген нормал теңдеуін жаз.

3. Берілген функциянынң бірер түзу сызыққа параллель болған жанамасы қалай табылады? Мысалдар арқылы түсіндір.

Жаттығулар

45. Функция графигіне абссиссасы $x_0=1$; $x_0=-2$; $x_0=0$ болған нүктеде өткізілген жанама теңдеуін жаз:

1) $f(x)=2x^2-5x+1$;	2) $f(x)=3x-4$;	3) $f(x)=6$;
4) $f(x)=x^3-4x$;	5) $f(x)=e^x$;	6) $f(x)=2^x$;
7) $f(x)=2^x+\ln 2$;	8) $f(x)=\sin x$;	9) $f(x)=\cos x$;
10) $f(x)=\cos x-\sin x$;	11) $f(x)=e^x x$;	12) $f(x)=x\cdot\sin x$.

46. Функция үшін $y=7x-1$ түзу сызыққа параллель болған жанама теңдеуін жаз:

1) $f(x)=x^3-2x^2+6$; 2) $f(x)=4x^2-5x+3$; 3) $f(x)=8x-4$.

47. Берілген $f(x)$ және $g(x)$ функциялардың жанамалары параллель болатын нүктелерді тап:

1) $f(x)=3x^2-5x+4,$ $g(x)=4x-5;$

2) $f(x)=8x+9,$ $g(x)=-5x+8;$

3) $f(x)=7x+11,$ $g(x)=7x-9;$

4) $f(x)=x^3-8,$ $g(x)=x^2+5;$

5) $f(x)=x^3+x^2,$ $g(x)=5x-7;$

6) $f(x)=x^4+11,$ $g(x)=x^3+10.$

48. Функция графигіне абсциссасы а) $x_0 = 1$; б) $x_0 = -2$; д) $x_0 = 0$ болған нүктеде өткізілген нормал теңдеуді тап:

1) $f(x)=3x^2-5x+1$; 2) $f(x)=3x-40$; 3) $f(x)=7$;

4) $f(x)=x^3-10x$; 5) $f(x)=e^x$; 6) $f(x)=12^x$;

7) $f(x)= \sin x$; 8) $f(x)=\cos x$; 9) $f(x)=\cos x - \sin x$;

10) $f(x)=e^{\pi x}$; 11) $f(x)=x \cdot \cos x$; 12) $f(x)=x \cdot \sin x$.

Бақылау жұмыс үлгісі

I вариант

1. $f(x)=x^3+2x^2-5x+3$ функция үшін $x_0=2$ және $\Delta x=0,1$ болғанда функция өсуінің аргумент өсуінің шамасын тап.

2. $f(x)=-8x^2+4x+1$ функцияның $x_0=-3$ нүктесіндегі туындыны есепте.

3. $f(x)=x^3-7x^2+8x-5$ функция графигіне $x_0=-4$ абсциссалы нүктеде өткізілген жанама теңдеуін жаз.

4. Материялдық нүкте $s(t)=8t^2-5t+6$ заңдылық пен қозғалуда. Егер t – секунд, s – метрлерде өлшенетін болса, нүктенің $t_0=8$ секундтағы лездік жылдамдығын тап.

5. Көбейтіндінің туындысын тап: $(3x^2-5x+4) \cdot e^x$.

II вариант

1. Бөліндінің туындысын тап: $\dfrac{x^2-5x+6}{x+1}$.

2. Күрделі функция туындысын тап: $\mathrm{ctg}^{15}x$.

3. $f(x)=\sqrt{x\sqrt{x}}$ функцияның $x_0=\dfrac{1}{16}$ нүктедегі туындысын есепте.

4. $f(x)=\ln(x+1)$ функция графигіне $x=0$ нүктеде өткізілген жанама теңдігін жаз.

5. $s(t)=0,5t^2-6t+1$ заңдылығымен әрекеттенетін материалдық материалдық нүктенің $t=16$ секундтағы лездік жылдамдығын тап. (t – секундта, s – метрлерде өлшенеді).

15–17 ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ

49. Берілген $y=f(x)$ функция, x_0 және x нүктелерге сәйкес h және Δy ті есепте:

1) $f(x)=4x^2-3x+2$, $x_0=1$, $x=1{,}01$; | 2) $f(x)=(x+1)^3$, $x_0=0$, $x=0{,}1$.

50. Егер $x_0 = 3$ және $\Delta x = 0{,}03$ болса, берілген функциялар үшін: a) функция өсуі; b) функция өсуінің аргумент өсуіне қатынасын тап:

1) $f(x)=7x-5$; | 2) $f(x)=2x^2-3x$; | 3) $f(x)=x^3+2$; | 4) $f(x)=x^3+4x$.

51. Егер $x_0=2$ және $\Delta x=0{,}01$ болса, берілген функциялар үшін: a) функция өсуі; b) функция өсуінің аргумент өсуіне қатынасын тап:

1) $f(x)=-4x+3$; | 2) $f(x)=-8$; | 3) $f(x)=x^2+10x$; | 4) $f(x)=x^3-10$.

52. $x\to 0$ болса, функция қай санға ұмтылады:

1) $f(x)=x^3-2x^2+3x+4$; 2) $f(x)=x^5-6x^4+8x-7$;

3) $f(x)=(x^2-5x+1)(x^3-7x^2-11x+6)$;

4) $f(x)=\dfrac{x^2-x-19}{x^2+7x-28}$; 5) $f(x)=\dfrac{x^3-8x}{x^3+x^2+x+1}$?

53. Функцияның туындысын тап:

1) $y=17x$; 2) $y=29x-3$; 3) $y=-15$; 4) $y=16x^2-3x$;

5) $y=-5x+40$; 6) $y=18x-x^2$; 7) $y=x^2+15x$;

8) $y=16x^3+5x^2-2x+14$; 9) $y=3x^3+2x^2+x$.

54. Функцияның туындысын: a) $x = -3$; b) $x = 1{,}1$; c) $x = 0{,}4$; d) $x = -0{,}2$ нүктелерде есепте:

1) $y=15x$; | 2) $y=9x+3$; | 3) $y=-20$; | 4) $y=5x^2+x$;

5) $y=-8x+4$; | 6) $y=8x-x^2$; | 7) $y=x^2+25x$; | 8) $y=x^3+5x^2-2x+4$.

55. $y=f(x)$ функция туындысын анықтама жәрдемінде тап:

1) $f(x)=2x^2+3x+5$; 3*) $f(x)=\dfrac{x+1}{}$;

2) $f(x)=(x+2)^3$; 4*) $f(x)=\dfrac{x^2+1}{x}$.

56. $y=f(x)$ функцияның x_0 нүктедегі туындысын тап:

1) $f(x)=4x^3+3x^2+2x+1$, $x_0=1$;
2) $f(x)=\frac{1}{3}x^3+\sin 22°$, $x_0=-1$;
3) $f(x)=(2x+1)(\sqrt{x}-1)$, $x_0=4$;
4) $f(x)=\frac{x^3-1}{x^2+1}$, $x_0=-3$.

57. Материялдық нүкте $s(t)=\frac{4}{3}t^3-t+5$ заңдылық пен қозғалуда (s метрде, t – секундта). Материялдық нүктенің 2-секундтағы жылдамдығын тап.

58. Функцияның туындысын тап:

1) $y=\frac{1}{\sqrt{x}}+2\sqrt{x}$;
2) $y=\sqrt[3]{x}+2x^3$;
3*) $y=\sqrt[5]{x}+x\cdot \operatorname{tg}x-\log_3 x$;
4) $y=(2x+3)^3$;
5*) $y=x\cdot \ln x\cdot (x+1)$;
6) $y=(x+\sqrt{x})(\sqrt{x}-2)$;
7) $y=\frac{x+2}{\sin x}$;
8) $y=10^x+\log_2 5+\cos 15°$;
9) $y=3^{-x}\cdot \sin x$;
10*) $y=\operatorname{tg}x\cdot \cos x+7^x\cdot x^7$;
11) $f(x)=\frac{1}{4}x^4-8x^2+3$;
12) $f(x)=\frac{\sqrt{2}}{2}x-\sin x+5$;
13) $f(x)=x^{10}-80x$;
14) $f(x)=8x-\frac{2^x}{\ln 2}$.

59. Функция туындысының x_0 нүктедегі мәнін есепте:

1) $f(x)=\frac{1}{\cos x}$, $x_0=0$;
2) $f(x)=(x^2+3x)\ln x$, $x_0=1$;
3) $f(x)=\frac{\operatorname{arctg}x}{1+x^2}$, $x_0=1$;
4) $f(x)=e^x(x-\ln 2)$, $x_0=\ln 2$.

60*. $f'(x)>0$ теңсіздікті есепте:

1) $f(x)=x\cdot \ln 27-3^x$;
2) $f(x)=\sin x-2x$;

61. Материялдық нүкте $s(t)=\frac{1}{3}t^3-\frac{3}{2}t^2+2t$ заңдылықпен қозғалуда.

Материялдық нүктенің жылдамдығы қашан нөлге тең болады? Осының мағанасы не?

62. Туындыны тап: 1) $y=x^5-x^4+x$; | 2) $y=\frac{1}{x^2}-x$; | 3) $y=x^4+\sqrt[5]{x}$.

63. Материялдық нүктенің t_0 уақыттағы жылдамдығын тап:

1) $x(t)=t^4-2t^3+t$, $t_0=-5$; | 2) $x(t)=-5t+t^2-\sqrt{t}$, $t_0=4$.

Туындыны тап (**64–66**):

64. 1) $y=(x+2)(x^2-5x)$; | 2) $y=\frac{x^2-3x}{x+8}$; | 3) $y=(x^4+\sqrt{x})(x^3-5x)$;

4) $y=2x^3+4x^2+5x$; | 5) $y=\frac{14}{x}-\frac{x}{14}$; | 6) $y=7x^2+12x+\sqrt{2019}$.

65*. 1) $y=\frac{x^8}{x^{10}-1}$; 2) $y=\frac{x^3+x+1}{x^5+7}$; 3) $y=(x^{10}+x^{-10})(x^8+x^{-8})$.

66*. 1) $y=\frac{3^x\cdot\sin x}{\cos x}$; 2) $y=e^{5x}(\cos x-\sin x)$;

3) $y=x\mathrm{ctg}x$; 4) $y=\frac{\ln x}{x^2}$.

67*. Туындыны x_0 нүктеде есепте:

1) $f(x)=\frac{5x+1}{13x-5}$, $x_0=-2$; 2) $f(x)=\mathrm{ctg}x-2x+2$, $x_0=\frac{-\pi}{4}$;

3) $f(x)=x^2(\lg x-1)$, $x_0=1$; 4) $f(x)=\mathrm{ctg}x-\frac{1}{20}\ln x$, $x_0=1$.

68*. Күрделі функцияның туындысын тап:

1) $x^2\cdot\sin x$; 2) $\log_{15}\cos x$; 3) $\ln\mathrm{ctg}x$;

4) $\mathrm{tg}^{35}x$; 5) $e^{\mathrm{ctg}x}$; 6) $23^{\cos x}$;

7) $35^{\sin x}$; 8) $(x^2-10x+7)\ln\cos x$;

9) $\frac{x^5-6x+4}{e^x}$; 10) $e^{-3x}(x^4-3x^2+2)$; 11) $\ln\mathrm{tg}x$;

12) $\frac{x^3+7x+1}{e^{2x}}$; 13) $e^{5x}(x^5+8x+11)$; 14) $\ln\cos 2x$.

18–21 ТУЫНДЫ ЖӘРДЕМІНДЕ ФУНКЦИЯНЫ ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ ГРАФИКТЕРДІ ЖАСАУ

Функцияның өсуі және кемеюі. Өсетін және кемейетін функциялармен таныссың. Енді функцияның өсуі және кемейетін аралықтарын анықтау үшін туынды түсінігінен пайдаланамыз.

1-теорема. $y = f(x)$ функция $(a; b)$ аралықта анықталған және туындысы бар болсын. Егер $x \in (a; b)$ үшін $f'(x) > 0$ болса, $y = f(x)$ функция $(a; b)$ аралығында өсетін функция болады (20-сурет).

2-теорема. $y = f(x)$ функция $(a; b)$ аралығында анықталған туындысы бар болсын. Егер $x \in (a; b)$ үшін $f'(x) < 0$ болса, $y = f(x)$ функция $(a; b)$ аралықта кемейетін функция болады (21-сурет).



20-сурет.



21-сурет.

1, 2- теоремаларды дәлелдеусіз қабылдаймыз.

1-есеп. Функцияның өсуі және кемейетін аралықтарын тап: $f(x) = 2x^3 - 3x^2 - 12x + 3$.

△ Бұл функция $(-\infty; +\infty)$ аралықта анықталған.Оның туындысы:

$$f'(x) = 6x^2 - 6x - 12 = 6(x-2)(x+1).$$

$f'(x) > 0$, $f'(x) < 0$ теңсіздіктердің аралықтар әдісімен шығарып, $(-\infty; -1)$ және $(2; +\infty)$ аралықтарда функцияның өсуі әрі $(-1; 2)$ аралықта кемейетінін үйреніп алдық.

Жауабы: $(-\infty; -1)$ және $(2; +\infty)$ аралықтарда функция өседі; $(-1; 2)$ аралықта функция кемейетін болатын. ▲

2-есеп. Функцияның өсуі және кемейетін аралықтарын тап: $f(x) = x + \dfrac{1}{x}$.

△ Бұл функция $(-\infty;0)\cup(0;+\infty)$ аралықта анықталған. Оның туындысы : $f'(x)=1-\frac{1}{x^2}$; $f'(x)>0$, яғни $1-\frac{1}{x^2}>0$ теңсіздікті аралықтар әдісімен орындап, туындының (–∞; –1) және (1; +∞) аралықтарда оң сандарды табамыз. Дәл сондай, $f'(x)<0$, яғни $1-\frac{1}{x^2}<0$ теңсіздікті аралықтар әдісімен орындап, бұл теңсіздік (–1; 0) және (0; 1) аралықтарын үйрендік.

Жауабы: Функция (–∞; –1) және (1; +∞) аралықтарда өседі;

Функция (–1; 0) және (0; 1) аралықтарда кемейеді. ▲

Функцияның стационар нүктелері. $y = f(x)$ Функция $(a;\ b)$ аралықтарда анықталған болсын.

1-анықтама. $y = f(x)$ функцияның туындысы 0 ге тең болатын нүктелер *стационар нүктелер* деп аталады.

3-есеп. Функцияның стационар нүктелерін тап: $f(x)=2x^3-3x^2-12x+3$.

△ Функцияның туындысын тап, оны нөлге теңейміз: $f'(x)=6x^2-6x-12=0$. Бұл теңдеуді шешіп функцияның стационар нүктелері $x_1=-1$, $x_2=2$ екенін табамыз.

Жауабы: функцияның стационар нүктелері $x_1=-1$, $x_2=2$. ▲

Функцияның локалдық максимумы мен локалдық минимумдары. Функцияның локалдық максимумы мен локалдық минимумдарын анықтау үшін туындыдан пайдаланамыз.



22- сурет.

3-теорема. $f(x)$ Функция $(a;\ b)$ аралықта анықталған және $f'(x)$ бар; $(a;\ x_0)$ аралықта $f'(x)>0$ және $(x_0;\ b)$ аралықта $f'(x)<0$ болсын, $x_0\in(a;\ b)$.

Ол жағдайда x_0 нүкте $f(x)$ функцияның локалдық максимумы болады (22-*а* сурет).

4-теорема. $f(x)$ функция $(a;\ b)$ аралықта анықталған және $f'(x)$ бар; $(a;x_0)$ аралықта $f'(x)<0$ және $(x_0;b)$ аралықта $f'(x)>0$ болсын, $x_0 \in (a,\ b)$.

Ол жағдайда x_0 нүкте $f(x)$ функцияның локалдық минимумы болады (22-*b* сурет).

3, 4 - теоремаларды дәлелсіз қабылдаймыз.

2-анықтама. Функцияның локалдық максимумы мен локалдық минимумдары оның *экстремумдары* деп аталады.

4-есеп. Функцияның локалдық максимумы мен локалдық минимум нүктелерін тап: $f(x)=x^3-3x+3$.

△ Функцияның туындысын есептейміз: $f'(x)=3x^2-3=3(x-1)(x+1)$ Туынды барлық нүктелерде анықталған және $x=\pm1$ нүктелерде нөлге айналады. Сол себепті $x=\pm1$ нүктелер функцияның критикалық нүктелері. Аралықтар әдісіннен пайдаланып $(-\infty;\ -1)$ және $(1;\ +\infty)$ аралықтарда $f'(x)>0$, $(-1;\ 1)$ аралықта болса $f'(x)<0$ екендігін анықтаймыз. Демек, $x=-1$ локалдық максимумы мен $x=1$ локалдық минимум нүктелері екен (23-сурет).



23-сурет.

Жауабы: $x=-1$ локалдық максимумы мен $x=1$ локалдық минимум нүкте. ▲

Функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері мен 10-сыныпта танысқанбыз.

$f(x)$ функция $[a;\ b]$ кесіндіде анықталған және $(a;\ b)$ дағы туындысы бар. Оның ең үлкен мәнін табу ережесі мынадай:

1) функцияның бұл аралықтағы барлық стационар нүктелері табылады;

2) функкцияның стационар, шекаралық a және b нүктелердегі мәні есептеледі;

3) бұл мәндердің ең үлкен функциясының осы аралықтағы ең үлкен мәні деп аталады.

Функцияның ең кіші мәні осы сияқты табылады.

5-есеп. $f(x)= x^3 + 4{,}5x^2 - 9$ функцияның $[-4; 2]$ аралықтағы ең үлкен және ең кіші мәндерін тап.

△ Функцияның туындысын табамыз: $f'(x)=3x^2+9x$. туындыны нөлге тең теңестіріп, функцияның стационар нүктелерін табамыз:

$f'(x)=3x(x+3)=0$,

$x_1=0$ және $x_2=-3$.Функцияның табылған $x_1=0$, $x_2=-3$ әрі $a=-4$, $b=2$ нүктелердегі мәндерін табамыз:

$f(0)=0^3+4{,}5\cdot 0^2-9=-9$, $f(-3)=(3)^3+4{,}5\cdot(-3)^2-9=4{,}5$,

$f(-4)=(-4)^3+4{,}5\cdot 4^2-9=-1$, $f(2)=2^3+4{,}5\cdot 2^2-9=17$.

Демек,функцияның ең үлкен мәні 17 және ең кіші мәні –9 екен.

Жауабы: функцияның ең үлкен мәні 17 және ең кіші мәні –9 . ▲

Туынды жәрдемінде функцияны тексеру және графигін жасау. Функция графигін жасауды төмендегідей жүзеге асырамыз.

Функцияның:

1) анықтау аралығы;

2) стационар нүктелерін;

3) өсу және кемею аралықтарын;

4) локалдық максимумы мен локалдық минимумдарын әрі функцияның функцияның осы нүктелердегі мәндерін табамыз;

5) анықталған мәліметтер бойынша функцияның графигін жасаймыз.

Графикті жасауда функция графигін координата остерімен қиылысу және басқа кейбір нүктелерін табу мақсатқа сай.

6-есеп. $f(x)=x^3-3x$ функцияны туынды жәрдемінде тексер және оның графигін жаса.

1. Функция $(-\infty; +\infty)$ аралықта анықталған.

2. Стационар нүктелерді табамыз:

$f'(x)=(x^3-3x)' = 3x^2-3=0$. $x_1=1$ va $x_2=-1$ стационар нүктелер.

3. Функцияның өсетін және кемейетін аралықтарын табамыз:

$(-\infty; -1) \cup (1; +\infty)$ аралықтарда $f'(x) > 0$ болғаны үшін $f(x)$ функция осы аралықтарда өседі және $(-1; 1)$ аралықта $f'(x) < 0$ болғаны үшін $f(x)=x^3-3x$ функция $(-1; 1)$ аралықта кемейеді.

4. $x=-1$ болғанда локал максимум $f(-1)=(-1)^3-3\cdot(-1)=2$ ге және $x=1$ болғанда функция локал минимум $f(1)=1^3-3\cdot 1=-2$ ге тең болады.

5.Функцияның Ox осімен қиылысу нүктелерін табамыз:

$x^3-3x=x(x^2-3)=0$.Осыдан $x=0$ немесе $x^2-3=0$ теңдеуі пайда болады. Теңдеуді шығарып $x_1=0$, $x_2=\sqrt{3}$, $x_3=-\sqrt{3}$ функция графигін Ox осімен қиылысу нүктелерін табамыз. Нәтижеде 24- суреттегі графиканы құраймыз.



24-сурет.

? Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Функцияның өсуі мен кемеюі қалай табылады?

2. Функцияның стационар нүктесіне анықтама бер.

3.Функцияның локалдық максимумы мен локалдық минимумдар қалай табылады?

4. Функцияның ең үлкен және ең кіші мәндері қалай табылады?

5. Туынды жәрдемінде функцияны жасау сатыларын айт және мысал арқылы түсіндір.

6. Функцияның стационар нүктелері оның экстремум нүктелері болуы шарт па? Мысалдар келтіріңдер.

7. $f(x)=\frac{1}{4}x^4-\frac{1}{2}x^2$ функцияны туынды жәрдемінде тексеріңдер және графикті жаса.

ЖАТТЫҒУЛАР

69. Функцияның өсу және кемею аралықтарын тап:

1) $f(x)=2-9x$; 2) $f(x)=\frac{1}{2}x-8$; 3) $f(x)=x^3-27x$;

4) $f(x)=\frac{x-1}{x}$; 5) $f(x)=x^2-2x+4$; 6) $f(x)=x(x^2-6)$;

7) $f(x)=-x^2+2x-3$; 8) $f(x)=\frac{1}{x^2}$; 9) $f(x)=x^4-2x^2$;

10) $f(x)=3x^4-8x^3+16$; 11) $f(x)=\frac{1}{1+x^2}$; 12) $f(x)=\sin x$;

13) $f(x)=\cos x$; 14) $f(x)=\operatorname{tg} x$; 15*) $f(x)=\sin 2x+\cos 2x$.

70. Функцияның стационар нүктелерін тап:

1) $f(x)=2x^2-3x+1$; 2) $f(x)=9x-\frac{1}{3}x^3$; 3*) $f(x)=|x-1|$;

4) $f(x)=x^2$; 5) $f(x)=8x^3+5x$; 6) $f(x)=3x-4$;

7*) $f(x)=|x|+1$; 8) $f(x)=2x^3+3x^2-6$; 9) $f(x)=3+8x^2-x^4$.

71. Функцияның локалдық максимумы мен локалдық минимумдарын тап:

1) $f(x)=x^2-\frac{1}{2}x^4$; 2) $f(x)=(x-4)^8$; 3) $f(x)=4-3x^2-2x^3$;

4) $f(x)=\frac{5}{x}+\frac{x}{5}$; 5) $f(x)=x^4-2x^3+x^2-3$; 6) $f(x)=3\operatorname{tg} x$;

7) $f(x) = 2\sin x + 3$; 8) $f(x) = -5\cos x-7$; 9) $f(x)=x^4-x^3+4$.

72. Функцияның өсуі мен кемею аралықтарын тап:

1) $f(x)=x^3-27x$; 2*) $f(x)=\frac{3x}{x^2+1}$; 3*) $f(x)=x+\frac{4}{x^2}$;

4) $f(x)=5\sin x+13$; 5) $f(x)=15\cos x-7$; 6) $f(x)=-3\operatorname{tg} x$.

73. Функцияның ең үлкен және ең кіші мәндерін тап:

1) $f(x)=x^4-8x^2+3$, $x\in[-4;1]$; 2) $f(x)=3x^5-5x^3+1$, $x\in[-2;2]$;

3) $f(x)=\frac{x}{x+1}$, $x\in[1;2]$; 4) $f(x)=3x^3-6x^2-5x+8$, $x\in[-1;4]$.

74. Функцияны тексер және графигін жаса:

1) $y = x^3 - 6x^2 + 9x - 2;$ 2) $y = \frac{1}{5}x^5 - \frac{2}{3}x^3 + 1;$ 3) $y = x^4 - 4x^3 + 15$.

75*. Функция туындысының графигіне қарап (25, 26-суреттер), төмендегілерді тап:
1) стационар нүктелерді;
2) өсу аралықтарын;
3) кемею аралықтарын;
4) локалдық максимумдарды;
5) локалдық минимумдарды.



25-сурет.



26-сурет.

Бақылау жұмыс үлгісі

I вариант

1. Туындыны тап: $f(x) = 20x^3 + 6x^2 - 7x + 3$.

2. $f(x) = x^2 - 5x + 4$ va $g(x) = \frac{x+1}{x-2}$ болса, $f(g(3))$ ті есепте.

3. $f(x) = x^3 - 5x^2 + 7x + 1$ функция үшін төмендегілерді тап:

1) стационар нүктелерді;
2) өсу аралықтарын;
3) кемею аралықтарын;
4) локалдық максимумдарды;
5) локалдық минимумдарды.

4. Туындыны тап: $(3x + 5)^3 + \sin^2 x$.

5. $f(x) = \sqrt{1-3x}$ болса $f'\left(\frac{1}{4}\right)$ ті есепте.

II вариант

1. Туындыны тап: $f(x)=10x^3+16x^2+7x-3$.

2. $f(x)=x^2+6x-3$ va $g(x) = \frac{x-1}{x+2}$ болса, $f(g(3))$ ті есепте.

3. $f(x)=x^3+2x^2-x+3$ функция үшін төмендегілерді тап:

1) стационар нүктелерді;
2) өсу аралықтарын;
3) кемею аралықтарын;
4) локалдық максимумдарды;
5) локалдық минимумдарды.

4. Туындыны тап: $(2x - 6)^3 + \cos^2 x$.

5. $f(x) = \sqrt{1-2x}$ болса, $f'\left(\frac{3}{8}\right)$ ті есепте.

22–25 ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ, ФИЗИКАЛЫҚ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАЗМҰНДЫ ЭКСТРЕМАЛДЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУДЕ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕРІ

Геометриялық мазмұнды есептер

1-есеп. Тік төртбұрыш пішініндегі жер майданы айналасын 100 м тормен орауда. Бұл ең көбімен неше квадрат метр жер майданын орауға жетеді?

△ Жер көлемінің ені x м және бойы y м болсын (27-сурет).



27-сурет.

Есеп шарты бойынша жер майданыны периметрі $2x+2y=100$. Осыдан $y=50-x$. Жер көлемінің ауданын $S(x)=xy=x(50-x)=50x-x^2$. Есеп $S(x)$ функцияның ең үлкен құнын табуға келтірілді. Алдымен $S(x)$ функцияның стационар нүктесін табамыз: $S'(x)=50-2x=0$, осыдан $x=25$. $(-\infty; 25)$ аралықта $S'(x)>0$ және $(25; +\infty)$ аралықта $S'(x)<0$ болғаны үшін $S(x)$ функция $x=25$ те ең үлкен мәнге тең болады және $S(25)=625$. Демек, 100 м тор жәрдемінде ең көбімен 625 m^2 жер майданын орау мүмкін.

Жауабы: 625 м^2. ▲

Жалпы алғанда, периметр берілген барлық тік төртбұрыштар ішінде ауданының ең үлкен квадраты.

2-есеп. Бүйірлері a см болған квадрат пішіндегі картоннан үсті ашық құты дайындамақшы. Осында картонның ұштарынан бірдей квадраттар кесіп алынады. Құтының көлемі ең үлкен болуы үшін оның негізгі бүйірінің ұзындығы неше сантиметр болуы керек?



28-сурет.

△ Картонның ұштарынан бірдей квадраттар қырқылады, негізі x см болған ашық құты жасалған, десек (28-сурет), қырқып алынған квадраттың бүйірі $\frac{a-x}{2}$ см болады.

Сондықтан ашық құтының көлемі $V(x)=\frac{a-x}{2}\cdot x\cdot x=-\frac{x^3}{2}+\frac{ax^2}{2}$ см^3. Демек, берілген есеп $V(x)=-\frac{x^3}{2}+\frac{ax^2}{2}$ функцияның [0; a] кесіндідегі ең үлкен мәнін табамыз. $V(x)$ функцияның стационар нүктелерін табамыз: $V'(x)=-\frac{3}{2}x^2+ax=0$.

Бұл жерден $x_1=0$, $x_2=\frac{2}{3}a$ стационар нүктелер табылады. Анық білеміз, $V\left(\frac{2}{3}a\right)=\frac{2}{27}a^3$ және $V\left(\frac{2}{3}a\right)>V(0)=V(a)=0$. Демек, $V(x)$ тің $[0;\,a]$ кесіндідегі ең үлкен мәні $\frac{2}{27}a^3$ болады.

Жауабы: ашық құтының негізгі бүйір ұзындығы $x=\frac{2}{3}a$ см. ▲

Физикаға мәндес мағаналы есептер

3-есеп. Материялдық нүкте $s(t)=-\frac{t^4}{12}+t^3$ заңдылығымен қозғалуда ($s(t)$ м де, t s те өлшенеді).

Төмендегілерді тап:
1) ең үлкен жылдамдыққа жететін уақытты (t_0);
2) t_0 уақыттағы лездік жылдамдықты;
3) t_0 уақыт ішінде басып өтілген жолды тап.
△ Материялдық нүктенің жылдамдығын табамыз:

$$v(t)=s'(t)=\left(-\frac{t^4}{12}+t^3\right)'=-\frac{t^3}{3}+3t^2.$$

Физикадан белгілі, жылдамдықтан алынған туынды үдеуді береді, яғни:

$$a(t)=v'(t)=-t^2+6t.$$

1) Ең үлкен жылдамдыққа ие болатын t_0 уақытты анықтау үшін $(t)=v'(t)=-t^2+6t$ функцияны максимумда тексереміз. Алдымен $a'(t)=-2t+6=0$ теңдеуді шешеміз, одан $t_0=3$. (0; 3) аралықта $a'(t)>0$ және $(3;+\infty)$ аралықта $a'(t)<0$ болғаны үшін $t=3$ те $a(t)$ ең үлкен мәнге жетеді.

2) t_0 уақыттағы лездік жылдамдықты есептейміз: $v(3) = -\frac{3^3}{3} + 3\cdot 3^2 = 18\frac{\text{m}}{\text{s}}$

3) t_0 уақыт ішінде басып өтілген жол $s(t) = -\frac{t^4}{12} + t^3$ формулаға $t_0=3$ ті қойып есептейміз: $s(3) = -\frac{3^4}{12} + 3^3 = -\frac{27}{4} + 27 = \frac{81}{4} = 20,25$ m.

Жауабы: 1) 3 с; 2) $18\frac{\text{m}}{\text{s}}$; 3) 20,25 м. ▲

4-есеп. Материялдық нүкте $s(t) = \frac{t^3}{3} - t^2 + 4t + 50$ заңдылығымен қозғалған (s(t) қашықтық метрде, уақыт t секундпен өлшенеді). Төмендегілерді тап:

1) ең кіші жылдамдыққа жететін уақытты (t_0);
2) t_0 уақыттағы үдеуді;
3) t_0 уақыт ішінде басып өтілген жолды.

△ Материялдық нүктенің жылдамдығы мен үдеуін табамыз:

$$v(t) = s'(t) = \left(\frac{t^3}{3} - t^2 + 4t + 50\right)' = t^2 - 2t + 4,$$

$$a(t) = v'(t) = \left(t^2 - 2t + 4\right)' = 2t - 2.$$

1) Ең кіші жылдамдыққа жететін t_0 уақытты анықтаймыз:

$$v'(t) = (t^2 - 2t + 4)' = 2t - 2 = 0, \text{ осыдан } t_0 = 1.$$

(0; 1) аралығында $v'(t) < 0$ және $(1; +\infty)$ аралығында $v'(t) > 0$ болғаны үшін $t_0=1$ де $v(t)$ ең кіші мәнге жетеді.

2) t_0 уақыттағы үдеуді есептейміз: $a(1) = 2\cdot 1 - 2 = 0$ m/s^2.

3) t_0 уақыт ішінде басып өтілген жолды $s(t) = \frac{t^3}{3} - t^2 + 4t + 50$ формулаға $t_0=1$ ді қойып есептейміз, яғни $s(1) = \frac{1^3}{3} - 1^2 + 4\cdot 1 + 50 = 53\frac{1}{3}$ m.

Жауабы: 1) 1 с; 2) 0 м/с^2; 3) $53\frac{1}{3}$ m. ▲

5-есеп. Ауа шарына $t \in [0; 8]$ минут аралығында $V(t) = 2t^3 - 3t^2 + 10t + 2$ (м^3) көлемде ауа бүркуде.
Төмендегілерді тап:
1) бастапқы уақыттағы ауа көлемін;
2) $t = 8$ минуттағы ауа көлемін;

3) $t=4$ минуттағы ауа бүрку жылдамдығын;

△ 1) бастапқы уақыттағы ауа көлемін табу үшін $V(t)=2t^3-3t^2+10t+2$ m^3 формулаға $t=0$ қойылады, яғни $V(0)=2$ m^3.

2) $t=8$ минут уақыттағы ауа көлемін табу үшін $V(t)=2t^3-3t^2+10t+2$ m^3 формулаға $t=8$ қоямыз:

$$V(8)=2\cdot8^3-3\cdot8^2+10\cdot8+2=1024-192+80+2=914 \text{ м}^3;$$

3) ауа пүркеу жылдамдығын табамыз:

$$v'(t)=\left(2t^3-3t^2+10t+2\right)'=6t^2-6t+10\left(\frac{\text{m}^3}{\text{min.}}\right).$$

Демек, $v'(4)=6\cdot4^2-6\cdot4+10=96-24+10=82\left(\frac{\text{m}^3}{\text{min}}\right)$.

Демек, $a(3)=12\cdot3-6=30\left(\frac{\text{m}^3}{\text{min}^2}\right)$.

Жауабы: 1) 2 м^3; 2) 914 м^3; 3) $82\frac{\text{m}^3}{\text{min}}$. ▲

Экономикалық мазмұнды есептер

6-есеп. Карима көйлек тігу үшін тапсырыс алды. Бір айда x көйлек тіксе, $p(x)=-x^2+100x$ мың сум пайда алады.

Төмендегілерді тап:

1) өте үлкен пайда табу үшін неше көйлек тігу керек?

2) өте үлкен пайда қанша болады?

△ 1) $p(x)=-x^2+100x$ функцияны максимумға тексереміз:

$p'(x)=(-x^2+100x)'=-2x+100=0$, осыдан $x_0=50$. $(0;\ 50)$ кесіндіде $p'(x)>0$ және $(50;\ +\infty)$ аралығында $p'(x)<0$ болғаны үшін $x_0=50$ болғанда функция ең үлкен мөлшерге ие болады. Демек ,ең үлкен пайда алу үшін 50 көйлек тігу керек екен.

2) Өте үлкен пайда екенін табу үшін $p(x)=-x^2+100x$ өрнекке $x_0=50$-ді қоямыз:

$$p(50)=-50^2+100\cdot50=-2500+5000=2500(\text{мың сум})=2500000 \text{ сум.}$$

Жауабы: 1) 50 көйлек; 2) 2 500 000 сум. ▲

Сұрақтар мен тапсырмалар

Туындыны қолданып шешілетін:

1) геометриялық; 2) физикалық; 3) экономикалық мазмұнды есептерге мысал келтір.

ЖАТТЫҒУЛАР

76. Тіктөртбұрыш пішініндегі жер майданының айналасын орамақшы. 300 м тор жәрдемінде ең көбі болып неше квадрат метр жер майданыны орау керек?

77. Тік төртбұрыш пішініндегі жер майданының айналасын орай қажет. 480 м тор жәрдемінде ең көбімен неше квадрат метр жер майданыны орауға болады?

78*. Бүйірі 120 см болған квадрат пішініндегі картоннан үсті ашық құты даярланды. Мұнда картонның ұштарынан бірдей квадраттар кесіп алынды. Құтының көлемі ең үлкен болуы үшін кесіп алынған квадраттың бүйірі неше сантиметр болу керек?

79*. Консерва банкасы цилиндр пішінінде болып, оның толық сырты ті $216\,\pi$ см^2 ге тең. Банкаға ең көп су сияқты (кетуі) үшін банка негізінің радиусы және биіктігі қандай болу керек?

80. Тіктөртбұрыш пішініндегі майданының ауданы 6400 м^2. Майданның бүйірлері қандай болғанда оны орау үшін ең аз тор керек болады.

81*. Радиусы 5 м болған шарға ең кіші көлемді конус сырты сызылған. Конустың биіктігін тап.

82*. Металлдан сыйымдылығы 13,5 *л*, негізі квадраттан болған түзу бұрышты параллелепипед жасалуда. Ыдыстың өлшеулері қандай болғанда оны жасау үшін ең кем металл кетеді?

83. Материялық нүкте $s(t)=-\frac{t^4}{4}+5t^3$ зандылықпен қозғалуда

($s(t)$ метрде, уақыт t секундта өлшенеді).

Төмендегілерді тап:

1) ең үлкен удеуге жететін t_0 уақытты;

2) t_0 уақыттағы лездік жылдамдықты;

3) t_0 уақыт ішінде басып өтілген жолды.

84. Материялдық нүкте $s(t)=-\frac{t^4}{2}+12t^3$ зандылықпен қозғалуда ($s(t)$ метрде, уақыт t секундта өлшенеді).

1) ең үлкен удеуге жететін t_0 уақытты;

2) t_0 уақыттағы лездік жылдамдықты;

3) t_0 уақыт ішінде басып өтілген жолды тап.

85. Материялдық нүкте $s(t)=\dfrac{t^3}{9}-2t^2+40t+50$ заңдылықпен қозғалуда

($s(t)$ метрде, уақыт t секундта өлшенеді).

1) ең кіші жылдамдыққа жететін t_0 уақытты;

2) t_0 уақыттағы үдеуді;

3) t_0 уақыт ішінде басып өтілген жолды тап..

86. Материялдық нүкте $s(t)=\dfrac{t^3}{2}-3t^2+8t+5$ заңдылықпен қозғалуда ($s(t)$ метрде, уақыт t секундта өлшенеді).

Төмендегілерді тап:

1) ең кіші жылдамдыққа жететін t_0 уақытты;

2) t_0 уақыттағы үдеуді;

3) t_0 уақыт ішінде басып өтілген жолды

87. Ауа шарына $t\in[0;\ 10]$ минут аралығында $V(t)=5t^3+3t^2+2t+4$ (м^3) ауа бүркуде

1) бастапқы уақыттағы ауа көлемін;

2) $t=10$ минуттағы ауа көлемін;

3) $t=5$ минуттағы ауа бүрку жылдамдығын;

88. Ауа шарына $t\in[0;\ 15]$ минут аралығында $V(t)=t^3+13t^2+t+20$ (м^3) ауа бүркуде.

1) бастапқы уақыттағы ауа көлемін;

2) $t=15$ минуттағы ауа көлемін;

3) $t=10$ минуттағы ауа бүрку жылдамдығын тап;

89. Муслима шалбар тігу үшін тапсырыс алды. Ол бір айда x шалбар тіксе, $p(x)=-2x^2+120x$ мың сум пайда алады.

Төмендегіледі тап:

1) ең үлкен пайда табу үшін неше шалбар тігу керек?

2) ең үлкен пайда қанша болады?

90. Мухлиса юбка тігу үшін тапсырыс алды. Бір айда x юбка тігетін болса, $p(x)=-3x^2+96x$ (мың сум) пайда алады.

Төмендегілерді тап:

1) ең үлкен пайда табу үшін неше юбка тігу керек?

ең үлкен пайда қанша болады?

2. ең үлкен пайда қанша болады?

ЖУЫҚ-МӘНДЕС ЕСЕПТЕУЛЕР

$y=f(x)$ функция x_0 нүктеде шекті $f'(x_0)$ туындыға ие болсын.

x_0 абсциссалы нүктеде $y=f(x)$ функция графигіне өткізілген жанама теңдеуі $y–f(x_0)=f'(x_0$ сияқты жазылуын білеміз.

x_0 нүкте жанында $y=f(x)$ функция графигін жанаманың сәйкес кесіндісімен алмастырса болады (29-суретке қара):



29-сурет.

$x-x_0$ өсуі Δx деп белгілесек (яғни $x=x_0+\Delta x$ деп алсақ төмендегі тақырыпты қатынасқа ие боламыз:

$$f(x)\approx f(x_0)+f'(x_0)(x-x_0), \text{ немесе}$$

$$f(x_0+\Delta x)\approx f(x_0)+f'(x_0)\cdot\Delta x \qquad (1)$$

(1) жуықтау формула *кіші өсуші формуласы* деп аталады.

Пікір. x_0 нүкте есебінде $f(x_0), f'(x_0)$ мәндері оңай есептелетін нүктені таңдап алу ұсынылады. Осымен бірге x нүкте x_0 ке қанша жақын болса, осындай алмастыру анық болуы керек.

Енді біз кіші өсушілер формуласына таянған жағдайда жуықтап есептеулерді орындаймыз.

1-есеп. $f(x)=x^7–2x^6+3x^2–x+3$ функцияның $x=2{,}02$ нүктесіндегі мәнін жуықтап есепте.

△ $x = 2{,}02$ нүктеге жақын болған $x_0 = 2$ нүктені алсақ, бұл нүктеде $f(x)$ функция мәні оңай табылады: $f(x_0) = f(2) = 13$.

Бұл функцияның туындысын табамыз: $f'(x) = 7x^6 - 12x^5 + 6x - 1$.

Ол жағдайда $f'(x_0) = f'(2) = 75$, $\Delta x = x - x_0 = 2{,}02 - 2 = 0{,}02$ болады.

Демек, (1) формуладан $f(2{,}02) = f(2 + 0{,}02) \approx 13 + 75 \cdot 0{,}02 = 14{,}5$.
Калькулятор немесе басқа есептеу құралы жәрдемінде $f(2{,}02) \approx 14{,}57995$ мәнін табуымыз мүмкін. ▲

2-есеп. $\sqrt{1{,}02}$ түбірдің мәнін жуықтап есепте.

△ $f(x) = \sqrt{x}$ функцияны көреміз.Оның туындысын табамыз:

$$f'(x) = \left(\sqrt{x}\right)' = \frac{1}{2\sqrt{x}}.$$

$x_0 = 1$ деп алсақ, $f(x_0) = f(1) = \sqrt{1} = 1$,

$$f'(x_0) = f'(1) = \frac{1}{2}\frac{1}{\sqrt{1}} = \frac{1}{2}, \quad \Delta x = x - x_0 = 1{,}02 - 1 = 0{,}02 \text{ болады.}$$

Демек, (1) формуладан

$$\sqrt{1{,}02} = \sqrt{1 + 0{,}02} \approx 1 + \frac{1}{2} \cdot 0{,}02 = 1{,}01.$$

Калькулятор немесе басқа есептеу құралы жәрдемінде $\sqrt{1{,}02} \approx 1{,}0099504938...$ мәні пайда болуы мүмкін ▲

3есеп. $\sqrt[3]{7.997}$ нің мәнін жуық есепте.

△ $f(x) = \sqrt[3]{x}$ функцияны қараймыз. Оның туындысын есепте:

$$f'(x) = \frac{1}{3}x^{-\frac{2}{3}}.$$

$x_0 = 8$ деп алсақ, $f(x_0) = f(8) = \sqrt[3]{8} = 2$,

$$f'(x_0) = f'(8) = \frac{1}{3}8^{-\frac{2}{3}} = \frac{1}{3\sqrt[3]{8^2}} = \frac{1}{12},$$

$\Delta x = 7{,}997 - 8 = -0{,}003$ болады.

Демек, (1) формуладан

$$\sqrt[3]{7{,}997} = \sqrt[3]{8 + (-0{,}003)} \approx 2 - \frac{0{,}003}{12} = 1{,}9997.$$

Калькулятор немесе басқа есептеу құралы жәрдемінде

$\sqrt[3]{7.997} \approx 1,9997499687...$ мәні пайда болуы мүмкін. ▲

4-есеп. $\sin 29°$ тың мәнін тақырыпты есепте.

△ $f(x) = \sin x$ функцияны қараймыз. Оның туындысын табамыз: $f'(x) = \cos x$.

$x_0 = \frac{\pi}{6}$ деп алсақ, $f(x_0) = f\left(\frac{\pi}{6}\right) = \sin\frac{\pi}{6} = \frac{1}{2}$,

$f'(x_0) = f'\left(\frac{\pi}{6}\right) = \cos\frac{\pi}{6} = \frac{\sqrt{3}}{2}$, $\Delta x = \frac{29\pi}{180} - \frac{\pi}{6} = -\frac{\pi}{180}$ болады.

Демек , (1) формуладан

$$\sin 29° = \sin\left(\frac{\pi}{6} + \left(-\frac{\pi}{180}\right)\right) \approx \sin\frac{\pi}{6} - \frac{\sqrt{3}}{2}\frac{\pi}{180} = \frac{1}{2} - \frac{\sqrt{3}}{2}\frac{\pi}{180} \approx 0,484... .$$

Калькулятор немесе басқа есептеу құралы жәрдемінде

$\sin 29^{\circ} \approx 0,4848096202...$ мәні пайда болуы мүмкін. . ▲

5-есеп. Логарифмдерді есептеу үшін кіші өсу формуласын келтіреміз.

△ $f(x)=\ln x$; $f'(x) = \frac{1}{x}$. (1) бойынша,

$$\ln(x_0 + \Delta x) \approx \ln x_0 + \frac{1}{x_0} \cdot \Delta x \text{ —}$$

кіші өсу формуласы пайда болады.

Егер $x_0 = 1$ және $\Delta x = t$ болса, $\ln(1+t) \approx t$ болады.
Осыдан, мәселен, ln1, 3907= ln(1+0,3907) ≈ 0,3907 мәнін аламыз.

Егер $x_0 = 0$, яғни $\Delta x = x - x_0 = x$ болса, (1) кіші өсу формуласы

$$f(x) \approx f(0) + f'(0)x \qquad (2)$$

көрінісінде болады. ▲

S Сыныпта орындалатын тапсырма .

(2) формула негізінде, x барынша кіші болғанда

$\sin x \approx x$, $\mathrm{tg}\, x \approx x$, $e^x \approx 1+x$, $(1+x)^m \approx 1+mx$, негізінен, $\sqrt{1+x} \approx 1 + \frac{1}{2}x$, $\sqrt[3]{1+x} \approx 1 + \frac{1}{3}x$ жуық формулалары пайда болады.

6-есеп. $\dfrac{1}{0,997^{30}}$ өрнекті жуық-мәндес түрде есепте.

△ $(1+x)^m \approx 1+mx$ формуласынан пайдаланамыз:

$$\frac{1}{0,997^{30}} = (1-0,003)^{-30} \approx 1+(-30)(-0,003)=1+0,09=1,09.$$

Калькулятор немесе басқа есептеу құралы жәрдемінде $\dfrac{1}{0,997^{30}} \approx 1,0943223033...$ мәні пайда болуы мүмкін ▲

$(1+x)^m \approx 1+mx$ жуық-мәндес формуласынан пайдаланып түбірлерді тезірек есептеу әдістерін ұсыну мүмкін.

Шынында, n – натурал сан болып, $|B|$ саны $|A^n|$ ға қарағанда шағын болсын.

Ол жағдайда

$$\sqrt[n]{A^n+B} = A\left(1+\frac{B}{A^n}\right)^{\frac{1}{n}} \approx A\left(1+\frac{B}{nA^n}\right) \text{ немесе}$$

$$\sqrt[n]{A^n+B} \approx A+\frac{B}{nA^{n-1}}.$$

Мысалы, $\sqrt[3]{131}=\sqrt[3]{125+6}=5+\dfrac{6}{3\cdot 5^2}=5,08.$

Калькулятор немесе басқа есептеу құралы жәрдемінде $\sqrt[3]{125}=5,0788...$ мәні пайда болуы мүмкін.

(2) формула негізінде, x барынша шағын болғанда cos$x$-тің мәнін жуық-мәндесте есептесек. $(\cos x)'=-\sin x$ болғаны үшін $f(x) \approx f(0)+f'(0)x$ формула $\cos x \approx \cos 0-(\sin 0)x=1$, яғни $\cos x \approx 1$ көрінісінде болады. Анық белгілі, осындай “жуық-мәндес” формула бізді қанағаттандырмайды Соның үшін, басқа жолмен орындаймыз. Негізгі тригонометриялық теңдестік $\cos x = \pm\sqrt{1-\sin^2 x}$ теңсіздік пайда болады.

Жоғарыда айтқанымыздай, x барынша кіші болғанда $\sin x \approx x$ болады. Демек, $\cos x = \sqrt{1-\sin^2 x} \approx \sqrt{1-x^2}$.

Белгілі, x барынша кіші болғанда x^2 да кіші болады .

Демек, $\sqrt{1+x} \approx 1+\frac{1}{2}x$ формуладан $\sqrt{1-x^2} \approx 1-\frac{x^2}{2}$ формула келіп шығады , яғни $\cos x \approx 1-\frac{x^2}{2}$ формула орынды болады.

7-есеп. cos44° ті тақырыпты есепте.

△ $\cos(x-y)=\cos x\cos y+\sin x\sin y$ болғаны үшін

$$\cos 44° = \cos(\frac{\pi}{4}-\frac{\pi}{180}) = \cos\frac{\pi}{4}\cos\frac{\pi}{180}+\sin\frac{\pi}{4}\sin\frac{\pi}{180} =$$

$$=\frac{\sqrt{2}}{2}(\cos\frac{\pi}{180}+\sin\frac{\pi}{180}). \quad \cos\frac{\pi}{180} \approx 1-\frac{1}{2}(\frac{\pi}{180})^2 = 0,9998476...,$$

$$\sin\frac{\pi}{180} \approx \frac{\pi}{180} = 0,0174532....$$

Демек, $\cos 44° \approx 0,7193403....$

Калькулятор немесе басқа есептеу құралы жәрдемінде $\cos 44° \approx 0,7193339...$ мәні пайда болуы мүмкін..

? Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Шағын өсулер формуласын жаз.
2. Шағын өсулер формуласының енгізілуіне тиісті мысалдар келтір.

Жаттығулар

91. $f(x)$ функцияның x_1 және x_2 нүктелердегі мәндес тақырыпты есепте:

a) $f(x)=x^4+2x$, $x_1=2,016$, $x_2=0,97$;

b) $f(x)=x^5-x^2$, $x_1=1,995$, $x_2=0,96$;

d) $f(x)=x^3-x$, $x_1=3,02$, $x_2=0,92$;

e) $f(x)=x^2+3x$, $x_1=5,04$, $x_2=1,98$.

$(1+x)^m \approx 1+mx$ тақырыпты формуладан пайдаланып, санды өрнек мәнін есепте **(92–93)**:

92. а) $1,002^{100}$; | б) $0,995^6$; | д) $1,03^{200}$; | е) $0,998^{20}$.

93. а) $\sqrt{1,004}$; | б) $\sqrt{25,012}$; | д) $\sqrt{0,997}$; | е) $\sqrt{4,0016}$.

Жуық-мәндес формулаларынан пайдаланып, есепте (**94 – 97**):

94. a) tg 44°; b) cos 61°; d) sin 31°; e) ctg 47°.

95. а) $\cos\left(\frac{\pi}{6}+0,04\right)$; б) $\sin\left(\frac{\pi}{6}-0,02\right)$;

с) $\sin\left(\frac{\pi}{6}+0,03\right)$; д) $\operatorname{tg}\left(\frac{\pi}{6}-0,05\right)$.

96. a) $\frac{1}{1,003^{20}}$; b) $\frac{1}{0,996^{40}}$; d) $\frac{1}{2,0016^{3}}$; e) $\frac{1}{0,994^{5}}$.

97. a) ln0,9; б) $e^{0,015}$; д) $\frac{1}{0,994^{5}}$.

$y=f(x)$ тің көрсетілген нүктедегі жуық-мәндесті есепте.

(**98 – 106**):

98. $y=\sqrt[3]{x^3+7x}$, $x=1,012$.

99. $y=\sqrt{x^2+x+3}$, $x=1,97$.

100. $y=x^3$, $x=1,021$.

101. $y=x^4$, $x=0,998$.

102. $y=\sqrt[3]{x^2}$, $x=1,03$.

103. $y=x^6$, $x=2,01$.

104*. $y=\sqrt{1+x+\sin x}$, $x=0,01$.

105*. $y=\sqrt[3]{3x+\cos x}$, $x=0,01$.

106*. $y=\sqrt[4]{2x-\sin(\pi x/2)}$, $x=1,02$.

29–32 ТУЫНДЫ ЖӘРДЕМІНДЕ МОДЕЛЬДЕСТІРУ

10-сыныпта (**79 – 81** тақырып) бактериялар санының көбею процесін үйрендік. Енді бұл туындыға басқаша караймыз.

1-есеп. Әрбір бактерия белгілі (бірнеше сағат немесе минуттан) соң екіге бөлінеді және бактерилар саны екі есе артады. Келесі уақыттан соң осы екі бактерия да екіге бөлінеді және популяция мөлшері (бактериялардың жалы саны) және екі есе артады... Бұл көбею процесі қолайлы (популяция үшін керекті ресурстар, орын, корек, су, энергия және басқалар жеткілікті болған) жағдайларда жалғаса береді, десек.

Бактерияның ***көбею жылдамдығы*** бактериялар жалпы санына пропорционал деп ойлайық.

Бактериялар популяциясының саны еркін t уақытта қарағанда қандай өзгереді?

△ $b(t)$ деп t уақыт аралығындағы бактериялар популяциясының жалпы санын белгілейміз.

Туындының мағанасына қарай, бактериялардың көбею жылдамдығы $b'(t)$ ға тең.

Ойымызша еркін t уақытта $b'(t)$ мөлшері $b(t)$ мөлшеріне пропорционал, яғни

$$b'(t)=kb(t) \tag{1}$$

қатынасы орынды. Бұл жерде k – пропорционалдық коэффициенті.

$b_0 = b(0)$ – бастапқы $t = 0$ уақыттағы популяция саны болсын.

Белгілі , $b(t)=b_0e^{kt}$ функция (1) ді қанағаттандырады.

Шынында , $b'(t)=(b_0e^{kt})'=kb_0e^{kt}=kb(t)$.

Алғаш 10 м бактерия болса (b_0=10 млн), осындай бактериялар саны бір сағаттан соң $b(1)=10e^k=20$ (млн) ға тең болады, яғни $e^k=2$. Мұнда $k=\ln 2$ ие боламыз.

t уақыт аралығындағы бактериялар популяциясының санын табамыз:

$$b(t)=10e^{(\ln 2)t}=10\cdot 2^t \text{ (mln)}.$$

Бұл нәтиже 10-сыныпта алынған нәтижемен бетпе-бет түседі. ▲

Тарихи мәліметтер. 18 ғасырда ағылшын ғалымы Томас Малтус жоғарыдағы пікірлерге ұқсас пікір жүргізіп, жер жүзіндегі халық санының өсуі үшін

$$N'(t)=kN(t) \tag{2}$$

қатынасы пайда болды, бұл жерде $N(t)$ –уақыттың t моменттегі халық саны.

$N_0=N(t_0)$ – бастапқы 0 t_0 уақыттағы халық саны болсын.

Бұл жағдайда $N(t)=N_0e^{k(t-t0)}$ функция (2) теңдеуді қанағаттандырады.

Шынында, $N'(t)=\ N_0(e^{k(t-t0)})'=kN_0e^{k(t-t0)}=kN(t)$.

$N(t)=N_0e^{k(t-t0)}$ заңдылық халқтың ***экспоненциалдық өсуін,*** яғни қатаң, тоқтаусыз процестің өрнектелуін есепке алып, Томас Малтус уақыт өтуімен адамзатқа қорек ресурстары жетіспейтін алдын ала айтып өткен (30-суретке қара).



30-сурет.

2-есеп. Экология жанды организмдердің сыртқы мұхитпен өзара қатынасын үйренеді. Көбею немесе түрлі себептер бойынша жоғалып кетуімен байланысты болған популяциялар санының өзгеру жылдамдығы уақытқа қандай байланысты екенін үйрен.

△ $N(t)$ – уақыттың t мезетіндегі популяция саны болсын, ол жағдайда егер уақыттың бір өлшеуінде популяцияда туылатын жәндіктер санын A, жоғалып кеткендерінің санын B десек, жеткілікті негізімен айту мүмкін, N ді уақытқа қарағанда өзгеру жылдамдығының

$$N'(t)=A-B \tag{3}$$

қатынасы қанағаттандырады

Зерттеушілер A және B-ның N-ге байланысы төмендегідей өрнектейді.

а) Ең қарапайым жағдай: $A = aN(t)$, $B = bN(t)$. Бұл жерде a және b – уақыттың бірлігінде туылу және жойылып кететін коэффициенттері

Бұл жағдайда (3) қарым-қатынасты

$$N'(t) = (a-b)N(t) \tag{4}$$

көрінісінде жазу мүмкін.

$N_0 = N(t_0)$ – бастапқы t_0 уақыттағы популяция саны болсын.

Бұл жағдайда $N(t) = N_0 e^{(a-b)(t-t0)}$ функция (4)ті қанағаттандырады (тексер).

b) $A = aN(t)$, $B = bN^2(t)$ жағдайда да кездеседі.

Мұнда

$$N'(t) = aN(t) - bN^2(t) \tag{5}$$

қатынас пайда болады.

Тексеру мүмкін, $N(t) = \dfrac{N_0 a/b}{N_0 + [a/b - N_0]e^{-a(t-t_0)}}$ функция (5) теңдеуді қанағаттандырады ▲

(4) қарым-қатынасты 1845 жылы белгиялық демограф-ғалым Ферхюлст популяциядағы ішкі күресті есепке алған жағдайда жаратты. Бұл нәтиже Малтустің (2) қарым-қатынасына қарағанда популяцияның дамуын анық сипаттайды.

Популяцияның өсу - кемеюі a және b сандарға калай байланыста болады, деген сұрақ туылуы мүмкін.

31-суретте $\dfrac{a}{b} > N_0$ және $\dfrac{a}{b} < N_0$ жағдайлар үшін $N(t) = \dfrac{N_0 a/b}{N_0 + [a/b - N_0]e^{-a(t-t_0)}}$ көрінісіндегі

функция графиктері бейнеленген:



31-сурет.

Көрініп тұрғандай, уақыт өтуімен популяция саны $\frac{a}{b}$ санына жақын екен. Аталмыш жағдай *қанықтыру* деп аталған оқиғаны білдіреді.

Сызуда бейнеленген қисық сызық Малтус жағынан *логистикалық қисық сызық* деп аталып, ол адам тұрмысының түрлі салаларында ұшырайды.

Функцияның туындысын осы функциямен байланысты $y'(x)=F(x;y)$ көрінісіндегі қатынас *дифференциалдық теңдеу* делінеді.

Жоғарыда келтірілген (1) – (5) қатынастар дифференциалдық теңдеулерге мысалдар.

Дифференциалдық теңдеуді қанағаттандыратын әр қандай функция оның шешімі дейіледі. Жоғары математиканың нақты шарттарда $y'(x)=F(x,\ y)$ көрінісіндегі дифференциалдық теңдеудің $y(x_0)=y_0$ бастапқы шартыны қанағаттандыратын жеке $y(x)$ шешімі бар екені дәлелденген.

3-есеп. Уақыттың t кезеңінде сатылып жатқан өнім жайында қабарланған тұтынушы саны $x(t)$ уақытқа байланысты екенін үйреніңдер.

△ Барлық тұтынушылар саны N деп белгілесек, сатылып жатқан өнімнен хабарсыздар саны $N-x(t)$ болады.

Өнім туралы хабарланған тұтынушылар санының өсу жылдамдығы $x(t)$ ға және $N–x(t)$ ға пропорционал деп есептесек, төмендегі дифференциалдық теңдеуге ие боламыз:

$x'(t)=kx(t)(N–x(t))$, бұл жерде $k > 0$ – пропорционалдық коэффиценті.

Бұл теңдеудің шешімі $x(t)=\dfrac{N}{1+Pe^{-Nkt}}$ болса, онда $P=\dfrac{1}{e^{NC}}$, C – өзгермейтін сан.

Анық, қандай болған жағдайда да t уақыт мерзімі өткенімен Pe^{-Nkt} аз болып барады және осыдан $x(t)=\dfrac{N}{1+Pe^{-Nkt}}$ өрнектің мәні N ге жақын болады (32-суретке қара). ▲



32-сурет.

4-есеп. Массасы m, жылу сыйымдылығы c өзгермейтін болған дене бастапқы кезде T_0 температураға ие болсын. Ауа температурасы тұрақты және τ $(T > \tau)$ ге тең. Дененің шексіз шағын уақыт ішінде берілген жылуы дене және ауа температуралары арасындағы айырмашылыққа, сондай-ақ, уақытқа пропорционал екенін есепке алған жағдайда, дененің суыту заңын тап

△ Суыту уақытында дене температурасы T_0 ден τ дейін кемейеді. Уақыттың t мезетінде дене температурасы $T(t)$-ға тең болсын. Шексіз шағын уақыт аралығында дене берген жылу мөлшері, жоғарыда айтылғандай

$$Q'(t) = -k(T-\tau)$$

тең, бұл жерде k *–пропорционалдық коэффициенті* .

Екінші жағынан, физикадан белгілі, дене T температурадан τ температураға дейін суығанда берілетін жылу мөлшері

$Q = mc(T(t) - \tau)$ тең. Туындыны есептейміз:

$$Q'(t) = mcT'(t). \qquad (6)$$

$Q'(t)$ үшін табылған әр екі өрнекті салыстырып, $mcT'(t) = -k(T-\tau)$ дифференциалдық теңдеуді пайда болады.

$$T(t) = \tau + Ce^{-\frac{k}{mc}t}$$

функция (6) дифференциалдық теңдеуді қанағаттандырады (өзің тексер!), бұл жерде C – еркін тұрақты сан.

Бастапқы шарт ($t = 0$ да $T = T_0$) C-ны табуда жәрдем береді:

$$C = T_0 - \tau.$$

Соның үшін дененің суу заңы төмендегі көріністе жазылады :

$$T(t) = \tau + (T_0 - \tau)\, e^{-\frac{k}{mc}}.$$

Жауабы: $T(t) = \tau + (T_0 - \tau)\, e^{-\frac{k}{mc}}$ ▲.

5-есеп. Тандырдан алынған (үзілген) нанның температурасы 20 минут ішінде 100° тан 60°-қа кеміді. Сыртқы орта температурасы 25°. Нанның температурасы қанша уақытта 30°-қа төмендейді ?

△ Жоғарыда мәселенің шешімінен пайдаланып, нанның суықтау заңын төмендегі көріністе жазамыз :

$$T(t) = \tau + (T_0 - \tau)\, e^{-\frac{k}{mc}} = 25 + (100 - 25)e^{at} = 25 + 75e^{at},$$

бұл жерде a – белгісіз коэффициент.

a ны табу үшін $t = 20$ да $T(20) = 60$ теңдіктен пайдаланамыз :

$$T(20) = 25 + 75e^{20a} = 60,$$

$$75e^{20a} = 35, \quad (e^a)^{20} = \frac{35}{75} = \frac{7}{15}, \quad e^a = \left(\frac{7}{15}\right)^{\frac{1}{20}}.$$

Демек, нанның сууы $T = 25 + 75\left(\frac{7}{15}\right)^{\frac{t}{20}}$ заңдылығына мойынсұнады.

Нанның температурасы 30°-қа төмендеу уақытын табамыз :

$$30 = 25 + 75\left(\frac{7}{15}\right)^{\frac{t}{20}}, \quad \left(\frac{7}{15}\right)^{\frac{t}{20}} = \frac{5}{75} = \frac{1}{15},$$

$$\ln\left(\frac{7}{15}\right)^{\frac{t}{20}} = \frac{t}{20}(\ln(7) - \ln(15))$$

болғаны үшін $t^* = \dfrac{-20\ln 15}{\ln 7 - \ln 15} \approx \dfrac{-20 \cdot 2,7081}{-0,762} \approx 71.$

Жауабы: 1 сағат 11 минутта нанның температурасы 30° қа төмендейді. ▲

6-есеп. Маторлы қайық тұрғын суда 20 км/сағат жылдамдықпен қозғалуда. Белгілі уақыттан кейін матор жұмыстан шықты. Матор тоқтағаннан кейін 40 секунд уақыт өткенше қайықтың жылдамдығы 8 км/сағат болды. Судың кедергісі жылдамдыққа пропорционал болса, матор тоқтағаннан кейін 2 минут өткендегі қайық жылдамдығын тап .



33-сурет.

△ Қайыққа $F = -kv$ күш әсер етуде . Ньютон заңы бойынша $F = mv'(t)$ Осыдан $mv'(t) = -kv$.

Бұл теңдеуді $v(t) = Ce^{-\frac{k}{m}t}$ көрінісіндегі функцияны қанағаттандырады .

$t = 0$ де $v = 20$ шартынан $C = 20$ келіп шығады.

Осыдан $v(t) = 20e^{-\frac{r}{m}t}$. $t = 40$ s $= \frac{1}{90}$ сағат болғанда қайықтың жылдамдығы 8 км/сағатқа тең, осыдан $8 = 20e^{-\frac{r}{m}\cdot\frac{1}{90}}$ немесе $e^{\frac{r}{m}} = \left(\frac{5}{2}\right)^{90}$ және де

$t = 2\min = \frac{1}{30}$ сағат болғанда $v = 20\left[\left(\frac{5}{2}\right)^{90}\right]^{-\frac{1}{30}} = 20\left(\frac{5}{2}\right)^{-3} = \frac{32}{25} \approx 1{,}28$

(км/с) ты таптық .

Жауабы: Матор тоқтағаннан соң 2 минут уақыт өткенде қайықтың жылдамдығы шамамен, 1,28 км/сағатқа тең болады . ▲

7-есеп. Радиоактивтік жейілу нәтижесінде радиоактивтік заттың массасы $m(t)$ уақытына қарағанда өзгеру заңын тап. Бұл жерде $m(t)$ грамм, t – жылдарда өлшенеді .

△ Жейілу жылдамдығы массаға пропорционал деп ойласақ,

$$m'(t) = -\alpha\, m(t) \tag{7}$$

дифференциал теңдеуге ие боламыз . $m(t)=Ce^{-\alpha t}$ функция бұл теңдеудің шешімі екенін тексеру мүмкін.

$m(t_0) = m_0$ бастапқы шарттан $m(t) = m_0 e^{-\alpha\ (t-t_0)}$ заңына ие боламыз .
Жауабы: $m(t) = m_0 e^{-\alpha\ (t-t_0)}$. ▲

Экономиялық моделдер. Талап және ұсыну экономиканың фундаментал (негізгі) түсінігі .

Талап (тауарлармен және қызметтерге талап) – сатып алушы, тұтынушылардың базардағы нақты тауарларды, азық-түліктерді сатып алу қалауы; базарға шыққан және ақша мүмкіндіктерімен қамтамасыз етілген қажеттілігі.

Талап мөлшерінің өзгеруіне бірнеше факторлар әсер етеді. Олардың арасындағы ең маңыздысы баға факторы. Тауар бағасының төмендеуі сатып алынатын тауар мөлшерінің өсуі және керісінше, бағаның өсуі сатып алынған мөлшердің кемеюіне алып келеді .

Ұсыныс – белгілі уақытта және нақты бағалармен базарға шығарылған немесе шығарылуы мүмкін болған тауарлар және қызметтер мөлшерімен өрнектеледі; ұсыныс – өндіріс шығарушы (сатушы)лардың өздерінің товарларын базарда сатуға болған тілегі. Базарда товар бағасымен оның ұсыныс мөлшері арасында күрделі байланыс бар: баға қанша жоғары болса, басқа жағдайлар өзгермеген түрде, сату үшін тағы да көбірек тауар ұсынылары, немесе керісінше, баға төмендеуімен ұсыныс көлемі қысқарады.

Талап және ұсыныстың түп мағынасы олардың бағасы арқылы өзара байланыста болуы. Бұл байланыс – талап және ұсыныс заңы базар экономикасының объектив заңы болып есептеледі . Талап және ұсыныс заңы бойнша, базардағы ұсыныс пен талап тек мөлшерінен емес, өзінің құрамы жағынан да бір-біріне сәйкес келуі керек, сондықтан базар теңдігіне (баланс) жетеді. Бұл заң айырбастау заңы болып, базарды басқаратын және тәртіпке салатын күш дәрежесіне көтеріледі. Осыған орай базардағы талап өзгерістері тез арада өндіріске жеткізілуі керек. Базардағы талап және ұсыныс қатынасына қарай өндіріс тездігі және құрылмасынан құралған.

Төмендегі *есепті* көреміз.

Фермер ұзақ мерзім барысында жемістерді базарға сатуға шығарып келеді. Әр апта соңында ол бағаның өзгеру жылдамдығын бақылап, кейінгі аптаға шығарылатын жемістердің жаңа бағасын шамалайды.

Дәл осылай тұтынушылар да бағаның өзгеру жылдамдығы бақылап, кейінгі аптада сатып алынатын жемістердің мөлшері белгіленеді.

Кейінгі аптадағы жемістердің бағасын p арқылы, бағаның өзгеру жылдамдығын p' арқылы белгілейміз.

Ұсыныс та, талап та тауар бағасы мен оның өзгеру жылдамдығына байланысты екендігін сеніммен айтуымыз мүмкін. Бұл байланыс қандай болады?

△ Мұндай байланыстардың ең қарапайым көрінісі төмендегідей болады: $y = ap' + bp + c$, бұл жерде a, b, c – анық сандар.

Мысалы, q арқылы талапты, s арқылы ұсынысты белгілесек, олар үшін жоғарыдағы байланыстар $q = 4p' - 2p + 39$, $s = 44p' + 2p - 1$ теңдеулер өрнектелуі мүмкін.

Бұл жағдайда талап және ұсыныстың өзара теңдігі $4p' - 2p + 39 = 44p' + 2p - 1$ қатынасы өрнектеледі.

Бұл теңдіктен $p' = -\dfrac{p-10}{10}$ көрінісіндегі дифференциалдық теңдеуі келіп шығады.

Егер бастапқы бағасын $p(0) = p_0$ деп белгілесек, баға $p = (p_0 - 10)e^{-\frac{t}{10}} + 10$ заңдылық пен өзгеруі келіп шығады. ▲

Инвестиция. Ойлайық, қандай да бір өнім бағамен сатылады, $Q(t)$ функция t уақыт бірлігінде істеп шығарылған өнім мөлшері өзгеруін білдіреді десек, бұл жағдайда t уақыт бірлігінде $Q(t)$ ға тең пайда алынады. Айталық, алынған пайданың бір бөлігі өндіріс істеп шығару инвестицияға жұмсалуы, яғни

$$I(t) = mpQ(t)\,, \tag{8}$$

m – инвестиция нормасы, өзгермес сан және $0 < m < 1$.

Егер базар барынша қамтамасыз етілген және істеп шығарылған өндіріс толық сатылған деген ой келсе, бұл жағдай істеп шығару жылдамдығының тағы да өсуіне алып келеді.

Істеп шығару жылдамдығы инвестицияның өсуіне пропорционал, яғни

$$Q' = l \cdot I(t), \tag{9}$$

бұл жерде l – пропорционалдық коэффициенті.

(8) формуланы (9) ға қойып

$$Q' = kQ\,, \quad k = lmp \tag{10}$$

дифференциалдық теңдеуі келіп шығады.

C – еркін тұрақты сан болғанда $Q = Ce^{kt}$ көрінісіндегі функция (10) дифференциалдық теңдеуді қанағаттандырады.

Пікірімізше, бастапқы мезет $t = t_0$ де өндіріс істеп шығару көлемі Q_0 берілген. Осы жағдайда бұл шарттан тұрақты C ны табу мүмкін :

$$Q_0 = Ce^{kt_0}\text{, осыдан } C = Q_0e^{-kt_0}.$$

Нәтижеде істеп шығару көлемі $Q = Q_0e^{k(t-t_0)}$ заңдылықпен өзгеруін білдік .

? Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Бактерияның белгілі уақыттан соң екіге бөліну процессін туынды жәрдемінде модельдестір.

2. Томас Малтустің жер шарындағы адамдар саны өсуіне тиісті мәселені түсіндір .

3. Томас Малтустің логикалық қисық сызығын түсіндір.

4. Жарнама тиімділігіне тиісті мәселені туынды жәрдемінде модельдестір.

Жаттығулар

Мәтіндегі 4-есеп шешімінен пайдаланып, жаттығуларды орында . **(107–108)**:

107. Температурасы 25°С болған металл бөлшегі пешке қойылды. Пештің температурасы 25°С-тан басталып минутына 20°С жылдамдықпен бір қалыпты көтеріле бастады. Пеш және металл температурасының айырмашылығы T°С болғанда металл минутына $10 \cdot T$°С жылдамдықпен жылыта бастайды. Металл бөлшегінің 30 минуттан кейінгі температурасын тап .

108. Дененің бастапқы температурасы 5°С. Дене N минут ішінде 10°С-қа дейін жылыды. Қоршаған ортаның температурасы 25°С болды. Дене қашан 20°С-қа қызады?

Мәтіндегі 7-есеп шешімінен пайдаланып, жаттығуларды орында:

109. Тәжірбиелерге орай 1 жыл ішінде радийдің әр бір граммынан 0,44 мг зат жойылады

а) қанша жылдан соң бар радийдің 20 пайызы жойылады?

б) бар радийдің 400 жылдан соң қанша пайызы қалады ?

Мәтіндегі 6-есепті шешуде пікірлерден пайдаланып жаттығуларды орында **(110 – 111):**

110. Қайық судың кедергісі әсерінде өз қозғалысын кемейтірді. Судың кедергісі қайықтың жылдамдығына пропорционал Қайықтың бастапқы жылдамдығы 1,5 м/с. 4 секундтан кейін оның жылдамдығы 2 есе кеміді?

111. 10 *л* көлемдегі ыдыс ауамен толтырылды (80% азот, 20% кислород). Осы ыдысқа 1секундта 1 литр жылдамдықта азот бүркуде. Ол үздіксіз түрде араласып, осы жылдамдықта ыдыстан шығуда. Қанша уақыттан соң ыдыста 95% азотты араласпа пайда болады?
Көрсеткіш: $y(t)$ мен t уақыттағы азот үлесін белгілесек, $y(t)$ функция $y' \cdot V = a(1-y)$ қатынасын қанағаттандырады. Бұл жерде V – жылыту көлемі , a – бүрку жылдамдығы.

Бақылау жұмыс үлгісі

1. Негізі квадрат болған түзу бұрышты параллелепипед пішініндегі сырты ашық металл ыдыс жасалуда . Ыдыстың көлемі 270 л болу керек. Ыдыстың өлшемдері қандай болғанда оны жасауда ең кем металл кетеді?

2. Материялдық нүкте $s(t) = -\frac{t^4}{4} + 72t^3$ заңдылықпен қозғалуда ($s(t)$ метрде, *t уақыт секундта* өлшенеді).
1) ең үлкен үдеуге жететін уақытты (t_0);
2) t_0 уақыттағы лездік жылдамдықты ;
3) t_0 уақыт ішінде басып өтілген жолды тап .

3. Жуық-мәндес есептеу формуласынан пайдаланып $\ln 0{,}92$ ні тап.

4. Шамалап есептеу формуласынан пайдаланып sin(–1; 2) ті тап.

5. Өндіріс істеп шығарушы кәсіпкер күнде табатын пайдасы төмендегі формуламен есептеледі :
$P(x) = -3x^2 + 42x - 6$ (мың сум), бұл жерде x – өндірістер саны.
Төмендегілерді анықта :
1) ең көп пайда алу үшін кәсіпкер қанша өндіріс істеп шығару керек?
2) кәсіпкердің ең үлкен пайдасы қанша сумды құрайды?

ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ

112. Материялдық нүкте қозғалысының заңы $s=s(t)$ ге қарай оның ең үлкен немесе ең кіші жылдамдығын тап:

1) $s=13t$; | 2) $s=17t-5$; | 3) $s=t^2+5t+18$; | 4) $s=t^3+2t^2+5t+8$;
5) $s=2t^3+5t^2+6t+3$; | 6) $s=13t^3+2t^2$; | 7) $s=t^3+t^2+3$.

113. Берілген функция графигіне : 1) $x_0=-1$; 2) $x_0=2{,}2$; 3) $x_0=0$ абсциссалы нүкте өткізілген жанаманы тап:

1) $f(x)=12x^2+5x+1$; | 2) $f(x)=13x+4$; | 3) $f(x)=60$; | 4) $f(x)=x^3+4x$.

114. Берілген функция үшін $y=-7x+2$ түзу сызыққа параллель болған жанама теңдеуін жаз :

1) $f(x)=5x^3-2x^2+16$; | 2) $f(x)=-4x^2+5x+3$; | 3) $f(x)=-8x+5$.

115. Берілген $f(x)$ және $g(x)$ функциялар графиктерінің жанамалары параллель болатын нүктелерді тап:

1) $f(x)=2x^2-3x+4$, $g(x)=12x-8$;
2) $f(x)=18x+19$, $g(x)=-15x+18$;
3) $f(x)=2x+13$, $g(x)=4x-19$;
4) $f(x)=2x^3$, $g(x)=4x^2$;
5) $f(x)=2x^3+3x^2$, $g(x)=15x-17$;
6) $f(x)=2x^4$, $g(x)=4x^3$.

116. 1) $y=\dfrac{1}{x}$ функция графигінің $x=-\dfrac{1}{2}$ нүктеден өтетін жанама теңдеуін құрастыр .

2) $y=x^2$ параболаның $x=1$ және $x=3$ абсциссалы сәйкес нүктелер түсірілген.Параболаның осы екі нүктені тұтастыратын кесінді параллель болған жанамасы қайсы нүктеден өтеді?

3) Материялдық нүкте $s(t)=\dfrac{2}{9}\cdot\sin\dfrac{\pi t}{2}+3$ заңдылығымен қозғалуда (s – сантиметрде, t – секундта). Материялдық нүктенің 1-секундтағы үдеуін тап.

117. Функцияның көрсетілген нүктедегі туындысын есепте :

1) $f(x)=x^2-15$, $x_0=-\dfrac{1}{2}$; 2) $f(x)=3\cos x$, $x_0=-\pi$;

3) $f(x)=\frac{3}{x}$, $x_0=-2$; 4) $f(x)=-\sin x$, $x_0=-\frac{\pi}{3}$.

5) $f(x)=x^3-4$, $x_0=5$; 6) $f(x)=\sin x$, $x_0=\frac{\pi}{6}$;

7) $f(x)=\frac{1}{x^3}$, $x_0=-2$; 8) $f(x)=\cos 5x$, $x_0=\frac{\pi}{4}$;

9) $f(x)=-\cos 2x$, $x_0=-\frac{\pi}{8}$.

118. Көрсетілген уақыттағы жылдамдық пен үдеуді тап :

1) $s(t)=5t^2-t+50$ $t_0=2$; 2) $s(t)=t^3+12t^2+1$, $t_0=1$;

3) $s(t)=2t+t^3$, $t_0=5$; 4) $s(t)=8\sin t$, $t_0=\frac{\pi}{2}$.

119. Функцияның абсциссасы көрсетілген нүктедегі туындысын есепте:

1) $f(x)=x^2-15$, $x_0=\frac{1}{2}$; 2) $f(x)=3\cos x$, $x_0=\pi$;

3) $f(x)=\frac{3}{x}$, $x_0=2$; 4) $f(x)=-\sin x$, $x_0=\frac{\pi}{3}$.

5) $f(x)=x^3-4$, $x_0=-5$; 6) $f(x)=\sin x$, $x_0=-\frac{\pi}{6}$;

7) $f(x)=\frac{1}{x^3}$, $x_0=2$; 8) $f(x)=\cos 5x$, $x_0=-\frac{\pi}{4}$;

9) $f(x)=-\cos 2x$, $x_0=\frac{\pi}{8}$; 10) $f(x)=\sin 2x$, $x_0=\frac{\pi}{4}$.

120. Көрсетілген уақыттағы жылдамдық пен үдеуді тап :

1) $s(t)=3t^2-2t+10$, $t_0=2$; 2) $s(t)=t^3-6t^2+1$, $t_0=1$;

3) $s(t)=5t+2t^3$, $t_0=5$; 4) $s(t)=8\cos t$, $t_0=\frac{\pi}{2}$.

Берілген функцияның туындысын тап **(121–122)**:

121. 1) $f(x)=-x^2+x+30$; | 2) $f(x)=\sin x-\cos x$; | 3) $f(x)=\sqrt{x}-\frac{1}{x}$;

4) $f(x)=4^x-\sin x$; | 5) $f(x)=8\cos x$; | 6) $f(x)=\ln x-10x^2+x-1$.

122. 1) $y=x^4$; | 2) $y=\frac{x-1}{x+2}$; | 3) $y=x-\frac{20}{x}$; | 4) $y=x^2\ln x$;

5) $y=x^3\sin x$; | 6) $y=e^x\sin x$; | 7) $y=\frac{x+1}{4x^2}$; | 8) $y=2(10x-1)\sin x$.

123. Берілген функциялар үшін $f'(-\frac{\pi}{2})$, $f'(\frac{\pi}{4})$ сандарын есепте:

1) $f(x)=e^x\cos x$; 2) $f(x)=3x+1$; 3) $f(x)=2x^2+x+3$;

4) $f(x)=\sin x+x^2$; 5) $f(x)=\sin x+\cos x$; | 6) $f(x)=\sin x$;

7) $f(x)=\cos x+x^4$; | 8) $f(x)=\sin 3x+\cos 3x$.

124. Материалдық нүкте $x(t)=-\frac{t^3}{6}+6t^2+15$ заңдылықпен әрекеттенуде.

1) тездігі нөл болған t_0 уақытты; 2) осы t_0 уақыттағы жылдамдығын тап.

125*. $f(x)=x^2-13x+2$ функция Ox оғы мен қандай бұрыш астында кесіседі?

126. $f'(0)$ санды тап: 1) $f(x)=x^6-4x^3+4$; | 2) $f(x)=(x+10)^6$.

127. $y'(x)$ ті тап: 1) $y(x)=\sin^2 x$; | 2) $y(x)=\cos^2 x$; | 3) $y(x)=\operatorname{tg}^2 x$.

128. Функцияның өсу және азаю аралығын тап:

1) $f(x)=3+7x$; | 2) $f(x)=x^3+17x$; 3) $f(x)=\frac{1}{4}x+18$;

4) $f(x)=\frac{x+21}{x}$; | 5) $f(x)=x^2+5x-14$; | 6) $f(x)=x(x^2+8)$;

7) $f(x)=-x^2-4x+6$; 8) $f(x)=-\frac{1}{x^2}$;

9) $f(x)=x^3-12x^2-17x-23$; 10) $f(x)=3x^4+18x^3-6$;

11) $f(x)=x^3-5x^2+19x+22$; 12) $f(x)=x^4+7x^2$.

129. Функцияның стационар нүктесін тап:

1) $f(x)=3x^2-7x+9$; | 2) $f(x)=19x-\frac{1}{7}x^3$; 3) $f(x)=5x^3$;

4) $f(x)=8x^2$; 5) $f(x)=7x-14$; 6) $f(x)=27-x^3$;

7) $f(x)=12x^3+13x^2-16$;   8) $f(x)=x^3-6x^2+9$.

130. Функцияның локалдық максимумы мен локалдық минимумдарын тап:

1) $f(x)=x^2-\frac{1}{4}x^4$;   2) $f(x)=14+13x^2-12x^3$;

3) $f(x)=x^4-3x^3+x^2+9$;   4) $f(x)=2x^4-x^3+7$.

131. Функцияның өсу, кемею аралықтары және локалдық максимумы мен минимумдарын тап:

1) $f(x)=x^3-64x$; | 2) $f(x)=2x^3-24$; | 3) $f(x)=4x^3-108x$.

132. Функцияның ең үлкен және ең кіші дәрежетін тап:

1) $f(x)=x^4-3x^2+2$, $x\in[-4; 1]$; | 2) $f(x)=x^5+6x^3+1$, $x\in[-1; 2]$;

3) $f(x)=\frac{x}{x+4}$, $x\in[1; 5]$; | 4) $f(x)=x^3+6x^2+5x+8$, $x\in[-3; 4]$.

133. Функцияның графигін жаса:

1) $y=x^3-2x^2+3x-2$; | 2) $y=\frac{1}{5}x^5+\frac{2}{3}x^3$; | 3) $y=x^4+4x^3$.

134. Тіктөртбұрыш түріндегі еркін кеңістіктің жан-жағын орау үшін 1000 метр темір қора сатып алынды. Бұл темір қорамен ең көп дегенде қанша кв.метр кеңестікті орап алу мүмкін?

135. Жалпы 16 дм болған квадрат формасындағы картоннан үсті ашық құты дайындалады. Мұнда картонның ұштарынан білдей квадраттар кесіп алынды. Құты көлемі өте үлкен болуы үшін оның негізі неше сантиметр болуы тиіс?

136*. Консерва банкасы цилиндр тәрізді болып, оның толық сырты 512π см^2 қа тең. Банкаға өте көп су сыйғызу үшін банка негізінің радиусы және биіктігі қандай болуы қажет?

137. Тіктөртбұрыш түріндегі кеңістік жүзі 3600 м^2. Кеңістіктің жандары қандай болғанда оны орау үшін ең аз темір қора қажет болады?

138*. Радиусы 8 дм болған шарға ең кіші көлемдегі конус көрінісі сызылған. Осы конустың биіктігін тап.

139*. Негізі квадрат түрінде болған тікбұрышты параллелипипед формасындағы ашық металл ыдықса 32 *л* сұйықтық кетеді. Ыдыстың өлшемі қандай болғанда оны жасауға ең кем металл жұмсалады?

140. Материялдық нүкте $s(t) = -\frac{t^4}{4} + 10t^3$ заңдылығымен әрекеттенуде ($s(t)$ метрде, t секундта өлшенеді).

1) ең үлкен тездікке ие (t_0) уақыт
2) t_0 уақытағы лездік жылдамдықты;
3) t_0 уақытта басып өтілген жолды тап.

141. Ауа шарына $t \in [0;10]$ минут аралығында $V(t) = t^3 + 3t^2 + 2t + 4$ м³ ауа пүркеледі.

1) бастапқы уақыттағы ауа көлемі;
2) $t = 10$ минуттағы ауа көлемі;
3) $t = 5$ минуттағы ауа бүрку жылдамдығын тап.

142. Акрам шалбар тігу үшін тапсырыс алды. Бір айда x шалбар тігілсе $p(x) = -2x^2 + 240x$ (мың сум) пайда көреді.

1) пайда көп түсу үшін қанша шалбар тігу керек?
2) ең үлкен пайда қанша сум болады?

143. Функцияның туындысын тап:

